

ЖИ ЗАМАНЫНДА ӘЛЕМДІК ЖАРЫС ҚАЙТА БАСТАЛЫП ЖАТЫР

3-бет



РҰҚСАТ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ТИІСТІ ДЕҢГЕЙДЕ РЕТТЕЛМЕГЕН

4-бет



ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ҮЛЕС ҚОСҚАН ТҰЛҒА

14-бет


ҚАЗАҚ ҮНІ

25 ЖЫЛ

QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni@mail.ru || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №43-44 (1224) 26.10.2026



ЕҢ АЛДЫМЕН ЖАҚСЫ АДАМ БОЛ

Қазақтың руханият әлемінде өз қолтаңбасын қалдырған екі алыптың – жазушы Асқар Сүлейменов пен қоғам қайраткері, қаламгер, дипломат Алтыншаш Жағанованың перзенті Қарагөз Сүлейменованың өмір жолы – тағылымы терең, өнегесі мол ғұмыр.

8-9 беттер

ТІЛІНДЕ МІНІ КӨП ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫ



6 бет

АДАПТАЦИЯ К РИСКАМ: АРМИЯ, ЭКОЛОГИЯ, АПК



10 бет

ҚАЗІР ӘР РУДЫҢ ӨЗ ҚАЙРАТКЕРІ БАР



5 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8 (727) 398-57-31 Жазылу индексі – 65380

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ОРНАЛАСУДЫҢ ЖАҢА ЖОЛЫ АШЫЛДЫ



Қазақстанда жоғары оқу орындарының түлектері үшін мемлекеттік қызметке орналасудың жаңа мүмкіндігі қарастырылды. Осы мақсатта eQyzmet.gov.kz электрондық порталында жоғары оқу орындарының түлектеріне арналған арнайы «Түлек» бөлімі ашылды. Жаңа бөлімде мемлекеттік органдардағы бос жұмыс орындары туралы ақпарат жарияланып, қызметке орналасуға қойылатын талаптар мен қажетті мәліметтер ұсынылады.

Аталған жаңашылдық жастардың мемлекеттік қызмет саласына келуіне жол ашып, жоғары білімді әрі білікті мамандарды мемлекеттік басқару жүйесіне тартуға бағытталған. Енді оқуын аяқтаған түлектер портал арқылы өздеріне сәйкес келетін бос лауазымдарды қарап, үміткерлерге қойылатын талаптармен алдын ала таныса алады.

Сонымен қатар 2026 жылғы 1 шілдеден бастап елімізде мемлекеттік қызметке конкурссыз орналасу мүмкіндігі кеңейтілді. Жаңа тәртіпке сәйкес, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын аяқтаған, орташа үлгерім көрсеткіші (GPA) кемінде 3,33 болатын түлектер оқуын бітіргеннен кейін бір жыл ішінде жекелеген әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға конкурсқа қатыспай-ақ үміткер бола алады.

Бұл мүмкіндік мемлекеттік грант негізінде де, ақылы бөлімде де білім алған түлектерге беріледі. Алайда үміткерлер заңнамада белгіленген өзге де талаптарға сәйкес болуы қажет. Яғни жоғары академиялық көрсеткішпен қатар, мемлекеттік қызметке орналасу үшін қойылатын заңдық талаптар да ескеріледі.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің мәліметінше, жаңа бөлімде түлектерге жұмысқа орналасу тәртібі, бос лауазымдар және мемлекеттік органдардың кадр қызметтерімен байланысу жолдары туралы ақпарат беріледі.

Жалпы, бұл бастама жоғары білімді жастардың еңбек нарығына жылдам бейімделуіне, мемлекеттік қызметке орналасу мүмкіндіктерінің артуына және мемлекеттік органдарға жаңа буын мамандарын тартуға ықпал етеді.

ДӘРІ-ДӘРМЕК БАҒАСЫ ТӨМЕНДЕДІ

Қазақстанда дәрі-дәрмек бағасын бақылау және оның айналымын реттеу бағытында жаңа таңбалау жүйесі тиімділігін көрсетіп келеді. Қазіргі таңда елімізде 1,2 млрд-қа жуық дәрі-дәрмек қаптамасы таңбаланып, оның жартысына жуығы сатылған. Аталған жүйе дәрілік заттардың қозғалысын бақылауға, дәріханалардағы баға өзгерістерін қадағалауға және өңірлердегі дәрі-дәрмек қоры туралы нақты ақпарат алуға мүмкіндік береді.



Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Сауда және интеграция вице-министрі Әсет Нүсіпов мәлімдеді. Оның айтуынша, таңбалау жүйесі отандық және импорттық дәрілік заттардың өндіріс көлемін бақылап қана қоймай, олардың нарықтағы сатылымына жан-жақты талдау жүргізуге жағдай жасайды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда күн сайын 750 мыңнан 960 мыңға дейін дәрі-дәрмек қаптамасы сатылады. Ал дәріханалардағы сатылымның ең төменгі көрсеткіші жексенбі күндері тіркеледі. Жүйенің тағы бір маңызды артықшылығы – дәрілік заттардың өңірлер бойынша таралуын бақылау. Яғни қай дәріханада, қай елді мекенде дәрі-дәрмек тапшылығы немесе керісінше, артық қоры бар екенін анықтауға болады. Сонымен қатар платформа белгіленген талаптардан ауытқулар мен заңбұзушылықтарды дер кезінде байқауға мүмкіндік береді.

Министрлік бұл жүйені дәрі-дәрмектердің бағасын бақылау мақсатында да пайдаланып отыр. Вице-министрдің келтірген мәліметіне сәйкес, 2025 жылғы мамырда еліміздегі дәріханаларда «Ибупрофен» препаратының орташа бағасы 1460 теңгені құраған. Ал 2026 жылғы қазан айында оның бағасы 941 теңгеге дейін төмендеген. Осылайша, дәрілік заттың орташа құны 519 теңгеге немесе шамамен 35,5 пайызға арзандаған.

Жалпы, дәрілік заттарды таңбалау жүйесі фармацевтикалық нарықтағы ашықтықты қамтамасыз етуге, дәрі-дәрмек бағасының өзгерісін бақылауға және халықты қажетті препараттармен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған.

ЭКОЛОГИЯ ҮШІН АЙЫППҰЛ ТӨЛЕДІ



Екібастұз өңірінде экологиялық заң талаптарын бұзған кәсіпорындарға әкімшілік айыппұл салынды. Бұл туралы Павлодар облысының прокуратурасы хабарлады.

Табиғат қорғау прокуратурасының тексеруі барысында «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-нің күл-қож қалдықтарын арнайы белгіленген орыннан тыс жерге төккені анықталған. Бұған көмір жағу кезінде пайда болатын қалдықтар мен судың қоспасының ағып кетуі себеп болған.

Аталған дерек бойынша экология саласындағы уәкілетті органға заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс енгізілді. Экология департаменті кәсіпорынға қатысты әкімшілік материал толтырды.

Екібастұз қалалық сотының қаулысымен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС әкімшілік жауаптылыққа тартылып, 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттелді.

Бұдан бөлек, басқа өнеркәсіптік кәсіпорынға атмосфераға ластаушы заттарды белгіленген нормадан артық шығарғаны үшін 70 млн теңгеге жуық айыппұл салынды.

Прокуратураның мәліметінше, сот актілері заңды күшіне еніп, салынған айыппұлдар төленген.

Экологиялық талаптардың сақталуын бақылау қоршаған ортаны қорғауға, өндірістік қалдықтардың қоршаған ортаға әсерін азайтуға және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған.

ПУТИНДІ ӘСКЕР КІРГІЗУГЕ ШАҚЫРҒАН ӘЙЕЛ ҰСТАЛДЫ



Павлодарда сепаратистік мәлімдеме жасап, Қазақстанның егемендігі мен қазақ халқына тіл тигізген әйел ҰҚК-ның жедел шарасымен құрықталды, деп хабарлайды Ertenmedia.kz.

Күдікті прокуратураның үйлестіруімен Павлодар қаласында қолға түскен. Арнайы қызмет оған қатысты сепаратистік сипаттағы бейнематериалдарды жариялады деген күдікпен сотқа дейінгі тергеу бастады.

Айта кетелік, бұған дейін әлеуметтік желіде өзін Ольга Мухамеджанова деп таныстырған әйелдің видеосы тараған еді. Ол кадрда қазақ халқының атына ауыр сөздер айтып, «Ресей қазақстандық қалаларды қайтарып алады» деп астамсыған. Тіпті Кремль басшысы Владимир Путинді «қазақтар өз қожайынын білуі үшін» елге әскер кіргізуге ашық шақырған болатын.

Тергеу органдарының дерегінше, келіншек бұрын да құзырлы орган назарына іліккен. Ол есірткі саудасы үшін сотталған болып шықты.Ашығын айтқанда, желідегі мұндай әрекет – бір сәттік ақымақтық емес, елдің ішкі бірлігіне жасалған қауіпті сынақ. Мемлекеттің аумақтық тұтастығына қол сұғып, шетелден әскер сұрайтындардың соңы әрдайым тергеу изоляторымен бітуге тиіс. Бұл оқиға – соның нақты мысалы.

Айта кетелік, бұған дейін Ольганың алматылық аттасы қазақтың жап-жас қызын «шваль», «ауылбай» деп тілдеген еді.

КОЛЛЕДЖДЕРДІҢ ҮЗДІК 100 СТУДЕНТІ АНЫҚТАЛДЫ



Елімізде техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы талантты жастарды қолдауға бағытталған «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті» республикалық конкурсының қорытындысы жарияланды. Байқау нәтижесінде кәсіби шеберлігімен, белсенділігімен, көшбасшылық қабілетімен және тың бастамаларымен ерекшеленген 100 студент үздік деп танылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы беделін арттыруға, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіруге ерекше назар аударып келеді. Осыған орай елімізде жастардың кәсіби әлеуетін дамытуға, еңбек адамының мәртебесін көтеруге және білікті мамандар даярлауға бағытталған бірқатар жұмыстар жүзеге асырылуда.

Республикалық конкурсқа еліміздің барлық өңірінен 400 колледждің 5 мыңнан астам студенті өтінім берген. Қатысушылар өздерінің кәсіби жетістіктерін, қоғамдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттері мен инновациялық жобаларын таныстырды. Байқау үш кезең бойынша, яғни колледжішілік, өңірлік және республикалық деңгейде ұйымдастырылды. Әр кезеңде үміткерлердің білім деңгейі, мамандығына деген қызығушылығы, кәсіби дағдылары мен жеке жетістіктері сараланды.

Оқу-ағарту министрлігі ұйымдастырған конкурстың негізгі мақсаты – дарынды студенттерді анықтау, олардың жетістіктерін көпшілікке таныту, жастардың кәсіби дамуына қолдау көрсету және жұмысшы мамандықтарының маңызын насихаттау. Байқауды өткізу жұмыстарын «Talap» коммерциялық емес акционерлік қоғамы үйлестірді.

Бұл бастама колледж студенттерінің өз мамандығына деген жауапкершілігін арттырып, кәсіби тұрғыдан дамуына ынталандырады. Сонымен қатар үздік жастардың тәжірибесін тарату арқылы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің әлеуетін танытуға мүмкіндік береді.



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯДА БАСЫМДЫҚҚА АЙНАЛУЫ ТИІС!

● Жасанды интеллектінің негізі қазақ тілінде болуы керек.

● Мемлекеттік тіл – Қазақ тілінің болашағы – цифрлық технологиялармен тығыз байланысты!

Бүгінде жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар қарқынды дамып келеді. Алайда мемлекеттік тіліміздің болашағы жасанды интеллектінің қазақ тілін түсінуімен ғана шектелмеуі тиіс. Қазақ тілі заманауи компьютерлерде, смартфон, интернет және барлық цифрлық платформаларда кеңінен қолданылуы қажет.

Бұл Қазақ Үкіметінің басты бағыты болуы керек!

Осы орайда көп жылдар бойы қазақ тілін компьютерлік технологияға, әсіресе бейімдеу мәселесімен белсене айналысып келе жатқан Жанат Аймағанның ABCnet қазақ латын әліпбиі жобасына назар аударғым келеді.

Бұл – тек әліпби жобасы емес, қазақ тілін халықаралық цифрлық кеңістікке бейімдеуге бағытталған нақты технологиялық бастама. Бүгінде ABCnet браузер кеңейтімі жасалып, Google Chrome платформасында қолжетімді. Бұл қазақ тіліндегі мәтіндерді латын графикасында көрсетуге мүмкіндік береді.

Менің ойымша, мұндай отандық бастамалар мемлекет тарапынан да, ғылыми және IT қауымдастық тарапынан да жан-жақты зерттеліп, тиісті қолдау табуы қажет.

Қазақ тілі жасанды интеллект дәуірінде тек қарым-қатынас тілі ғана емес, тіпті қазір толыққанды негізгі тілге айналуы тиіс!

Кезінде Парламентте жүргенімде Жанат Аймағанды Жасанды интеллект және цифрлық технология министрі Жаслан Мәдиевке алып барып, кездескенбіз. Басты тақырып – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯДА БАСЫМДЫҚҚА АЙНАЛУЫ ТИІС деген талап.

Мол уәдемен шығарып салған министр Жаслан Мәдиев те, Жасанды министрлік те содан бері үнсіз...

Мен бұл өте өзекті мәселені парламентте де, 2023 жылғы 19 желтоқсанда Назарбаев Университетінде (NU) Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Назарбаев Университеті президентінің міндетін атқарушы Илесанми Адесида, Ұлыбританияның Қазақстандағы елшісі Кэти Лич және «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы қатысқан еліміздегі тұңғыш ресми қазақша-ағылшынша және ағылшынша-қазақша Oxford Qazaq Dictionary сөздігінің салтанатты тұсаукесерінде сөйлеген сөзімде де көтергенмін.

Осы маңызды бастаманы жалғыз Жанат Аймағанның ғана мойнына артып қоймай, жауапты мемлекеттік органдар, Құрылтай депутаттары, IT мамандары және қоғам өкілдері баса назар аударуы керек.

Ал Жасанды интеллект жалғанды жалпағынан басып жайпап келе жатыр?!.

Қазыбек ИСА

ЖИ ЗАМАНЫНДА ӘЛЕМДІК ЖАРЫС ҚАЙТА БАСТАЛЫП ЖАТЫР



Қазақстанға әлемнің басты визионері Илон Маск келіп, Байқоңырды өзі ұшып-қонатын зымырандары үшін пайдаланып, Tesla мен Optimus роботтарын шығаратын зауыт ашып жатқанын елестетті.

Кеше елімізде дәл сондай жағдай болды. Әйгілі Жейсін Хуаң келді. Маск — әлемдегі ең бай адам болса, Хуаң — әлемдегі қазіргі ең қымбат компания NVIDIA-ның негізін қалаған көшбасшысы.

NVIDIA-ның чиптерінсіз ЖИ қазіргідей қарқынды дамымас еді. NVIDIA-нің қатысымен Қазақстанда «Деректер орталықтары алқабы» салынып жатыр. Мұның енді маңызын айтып жеткізе алмайтын жоба.

Оны түсіну үшін мынаны елестет. 1900-жылдар. Форд конвейр ұйымдастырып, көлік құрастырып, көпшілікке сата бастады. Нью Йоркте 100 атты арбаға бір көліктен келетін кез. Дәл осы кезде Қазақстанда да автокөлік конвейрлі салынып, көлік құрастыра бастағанын елестете аласың ба? Елімізде ЖИ үшін салынып жатқан инфрақұрылым дәл осындай маңызға ие.

Меніңше, ЖИ заманында әлемдік жарыс қайта басталып жатыр? Кім бірінші көлік не ұшақ ойлап тапты — маңызды емес. Барлығы қайтадан старттан бастайды. Ұлтымыз үшін осы аса шешуші сәтте мемлекет басшысы өзі бастап, жасанды интеллектің дамуын бірден ұлттық приоритетке айналдырып, осы салада, Күлтегін бабам айтпақшы, "түнде ұйықтамай, күндіз отырмай... қара терін төгіп" жүрген Жаслан Мәдиев, Бағдат Мусин сияқты жігіттердің еңбегін де атап өту керек.

ЖИ жарысынан қалып қойсақ, тағы бір мүмкіндіктен айырылып қаламыз. Хуаң сияқты әлемге әсер етіп отырған азаматтардың келуі қазақ халқы үшін үлкен жеңіс! Сол жарыстың бақылаушысы емес, қатысушысына айналғанымызды білдіреді! Ендеше, осы бәсекелес бәйгеден еліміз топ жарсын!

Шыңғыс МҰҚАН,
Фейсбуктегі парақшасынан

ЖУРНАЛИСТЕР ӘРІПТЕСТЕРІН ЕСКЕ АЛДЫ

Қазақстан Журналистер одағы еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет істеп, өмірден өткен марқұм журналистерді еске алды. Еске алуға Қазақстан Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев, вице- президенті Валерий Жандаулетов, Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев және одақтың жауапты хатшысы Баян Рамазанова, өмірден өткен марқұмдардың ұрпақтары, ардагер журналистер қатысты.

Рәсімде сөз алған Валерий Жандаулетов еліміде 24 қазан журналистика саласында қызмет еткен марқұмдарды еске алу күні ретінде 2021 жылдан бері аталып келе жатқанын айтты.

– Арамыздағы талай әріптесіміз өмірден озды. Марқұмдардың жарқын бейнелері қашан да жүрегімізде. Біз осы күні оларды еске аламыз. Олар отандық БАҚ-та жан аямай қызмет етті, – деді ол.

Журналистика академиясының академигі Сағымбай Қозыбаев «өмірден өткендерді еске алу бәріміз үшін парыз» десе, белгілі журналист Тілеужан Есілбаев өмірден өткен 216- дай марқұмның аты-жөндерін оқып, оларды бір минут үнсіз еске алуды өтінді.

Өмірін журналистика саласына арнаған марқұмдардың балалары – Валерий Толмачев пен Мақсат Нұрмағамбетов те әкелері туралы естелік айтып, ұйымдастырушыларға



ризашылықтарын білдірді.

Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев алдағы уақытта бұл шара кең көлемде аталып өтетінін және марқұмдар үшін бір белгі қою ойда барын жеткізді. Еске алу шарасының соңында Сағымбай Қозыбаев одақтың жауапты хатшысы Баян Рамазанованы баспасөз саласындағы көп жылғы еңбегі үшін академияның алтын медалімен марапаттады.

Жексен САҒЫМБЕКҰЛЫ



АҚЫН – МАМАНДЫҚ ЕМЕС, ДИАГНОЗ!

Алматыда көрнекті қазақ ақыны Есенғали Раушановты еске алу кеші өтті. Ақынның достары оның өмірі мен шығармашылығын еске алып, жырларын оқыды. Бірте-бірте Есенғали залға қайта келгендей болды. Естелік болып емес, өз өлеңдері арқылы бізбен әлі де сөйлесіп отырған тірі адамдай сезілді.

Иә, адам қанша өмір сүрсе, соншама уақыт өлең оқиды. Өйткені өлеңсіз өміріміздің біртіндеп биіктік жоғалады. Күнделікті күйбең, қарбалас, есеп-қисап, телефон қоңыраулары, таусылмайтын тіршілік қалады. Поэзиясыз өмір — аспаны жоқ пейзаж секілді.

Ақын жанды емдемейді. Оның өзі — дерт, жүйке, жүректің ішкі шегі мен шері. Ол өзгелер байқамай өте шығатын нәрсені сезеді. Көпшілік естімейтін үнді естиді.

Сондықтан ақындар көбіне жайлы адам бола бермейді. Оның үстіне, неге екені белгісіз, ақындар ұзақ өмір сүре бермейді дейді. Өйткені олар өздеріне тым көп жүк артады — өзгенің уайымын, өзгенің қайғысын, өзгенің қуанышын.

«Талантқа ақыл қосылса, оның оғы көбіне нысанадан жаңылмайды» деген сөз бар. Бірақ нағыз ақын бәрібір мерген емес. Ол — өмір бойы сезімнің шетімен жүріп, қарапайым адамның сөзбен айтып жеткізе алмайтын сырын атауға тырысатын адам.

Поэзия – адамның бойындағы ең шынайы, ең сыршыл дүниенің бәрі.

Сондықтан Есенғалиды ұмыту қиын. Оның бойында сирек кездесетін бір қасиет бар еді – қарапайым нәрсенің өзінен тылсым сыр табатын. Мысалы, Жаңа жыл неге қыста басталады, неге күзде басталмайды? Бір қарағанда, баланың ойындай көрінетін қарапайым сұрақ. Ал Есенғалидың қолында сол сауалдың өзінен уақыттың, табиғаттың, адам ғұмырының терең сыры ашылып кетеді.

Оның туған жерімен – даламен, желмен, ағашпен, құспен – үздіксіз сырласуы да сондай. Есенғали үшін табиғат ешқашан жай ғана көрініс болған емес. Ол адаммен бірге өмір сүрді, адаммен бірге тыныстады, бірге алаңдады, бірге жылады, бірге жадында сақтады.

Нағыз ақыннан кейін осындай дүние қалады: кітаптары мен өлең жолдары ғана емес, әлемге қараудың өзгеше бір тәсілі қалады. Есенғалидан кейін бұрын күнде көріп жүрген дүниелерге бұрынғыдай қарау мүмкін емес.

Поэзияның басты құдіреті де, бәлкім, осында шығар.

Ақын – мамандық емес. Ақын – диагноз. Ал бұл диагноз бір рет қойылса, адам өз ішінде сөздің қалай тербеліп, қалай үн қатып тұрғанын естімей өмір сүре алмайды.

Бигелді ҒАБДУЛЛИН,
Фейсбуктегі парақшасынан

№43-44 (1224) 26.10.2026
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Н. М. НӘЛІБАЕВҚА

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ МАШИНА ЖАСАУДЫ ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРУ КЕРЕК

«Ақ жол» фракциясынан Құрылтай депутаты Бақтыбек Бибаев отандық энергетикалық машина жасауды дамытуға қатысты депутаттық сауал жолдады.



Энергетиканы ауқымды жаңғырту, цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамыту, қуатты деректерді өңдеу орталықтары (ДӨО) мен жылу электр орталықтарын (ЖЭО) салу жағдайында Қазақстанның энергетикалық қуаттарға қажеттілігі едәуір арта түседі.

Бұл қолданыстағы электр станцияларын жаңғыртып, жаңаларын салуды талап етумен қатар, энергетикалық жабдықтың отандық өндірісін жедел дамытуға жағдай жасайды.

Экономиканың технологиялық даму деңгейін айқындайтын – машина жасау саласы. Сондықтан осы мүмкіндікті жаңа салаларды игеруге де, бөлінетін миллиардтаған қаражатты ұлттық экономикаға бағыттауға да пайдалану аса маңызды. Бұл қаражат салықтар, жалақы және несие төлемдері түрінде экономикада бірнеше рет айналымға түседі.

Бүгінде мемлекет пен ірі корпорациялар энергетикаға, соның ішінде ЖЭО мен мемлекеттік аудандық электр станцияларын (МАЭС) жаңғыртуға және салуға тарифтік тетіктер мен тікелей қаржыландыру арқылы жүздеген миллиард көлеміндегі қаражатты бағыттап отыр.

«Ақ жол» фракциясы 2023 жылы осы қаражат ағынын отандық энергетикалық машина жасауды дамытуға бағыттау қажеттігі туралы мәселені көтерген болатын.

Алайда келіп түсіп жатқан ақпаратқа сәйкес, қолданыстағы энергетикалық қуаттарды жаңғырту және жаңаларын салу жобаларының барлығы дерлік әлі де турбиналарды, генераторларды және басқа да жабдықты шетелден жеткізуге бағдарланған.

Сонымен қатар Қазақстанда аталған өнім өндірісін игеруге қажетті өндірістік база мен инженер кадрлар бар.

Бұған нақты мысал – Қарағанды турбомеханикалық зауыты биыл тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша қуаты 60 МВт болатын бу турбинасын өз күшімен әзірлеп, жасап шығарды.

Алайда кейін тапсырыс беруші бағасы арзанырақ Қытай өнімін таңдап, отандық өнімнен бас тартты. Бұл күрделі мәселенің бар екенін көрсетеді.

Отандық машина жасаушылар бір жолғы сұраныс мәселесіне тап болып отырған кезде, тапсырыс берушілер бағаның төмендігін алға тартып, импортты таңдайды.

Алайда Қазақстанда бір данамен шығарылған бұйымның құнын шетелде сериялық түрде өндірілген өнімнің құнымен салыстыру дұрыс емес. Белгілі болғандай, өндірістік шығындар шығарылған өнімнің жалпы көлеміне бөлінеді.

Тапсырыстар көлемінің тұрақтылығы мен ұзақ мерзімді келісімшарттар отандық жабдықтың өзіндік құнын төмендетіп, бәсекеге қабілеттілігін арттыруы мүмкін.

Мемлекеттік саясат қазақстандық кәсіпорындардың энергетикалық жабдық өндірісін кезең-кезеңімен игеруіне және өнімді сериялық шығаруға көшуіне жағдай жасауға тиіс.

Мұндай жұмыстың белгілі бір табысты тәжірибесі мұнай-газ саласында бар. 2020 жылы ҚР Үкіметінің бастамасымен ірі операторлар – ТШО, «Қарашығанақ» және NCOC Мұнай-газ машина жасауды дамытудың халықаралық орталығын құрды. Орталық операторлардың қажеттіліктерін жинақтап, отандық кәсіпорындарға ірі тапсырыс берушілердің талаптарына сай жабдық, тораптар мен жинақтауыштар өндірісін игеруге көмектеседі, технологиялар трансферіне және қазақстандық өндірушілерді жеткізу тізбектеріне қосуға жәрдемдеседі. Осындай ынтымақтастық аясында өндірісті жергіліктендіру жөніндегі он жоба іске асырылып, шамамен 20 млрд теңге инвестиция тартылды.

Осындай тәсілді энергетикалық машина жасау саласында да қолдану қажет деп санаймыз. Ірі энергетикалық жобаларды іске асыру кезінде шетелдік жеткізушілермен ынтымақтастық тетіктерін, атап айтқанда, техникалық құжаттаманы беруді, жекелеген тораптар өндірісін игеруді, сервистік қызмет көрсетуді жергіліктендіруді және отандық жабдық шығаруға көшуді көздеу қажет.

Сөз инвестициялардың едәуір бөлігін ел ішінде сақтауға, білікті мамандарға арналған жұмыс орындарын ашуға, инженерлік мектепті дамытуға және ұлттық экономиканың технологиялық тәуелділігін азайтуға мүмкіндік беретін бәсекеге қабілетті саланы кезең-кезеңімен қалыптастыру туралы болып отыр.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Ақ жол» демократиялық партиясының фракциясы:

1. Бейінді мемлекеттік органдардың, QazIndustry-дің, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның, энергетикалық компаниялардың және электр энергиясын өндіру мен тұтынуда маңызды рөл атқаратын тау-кен металлургия кешеніндегі ірі жер қойнауын пайдаланушылардың қатысуымен Энергетикалық машина жасауды дамыту орталығын құру мәселесін қарастыруды, орталықтың жұмысында импортталатын жабдыққа қажеттілікті анықтауды, өндірісті жергіліктендіру мүмкіндіктерін бағалауды және басым өндірістер тізбесін қалыптастыруды көздеуді;

2. Энергетикалық жабдықтың шетелдік жеткізушілерімен кооперацияны ынталандыру тетіктерін әзірлеуді, соның ішінде техникалық құжаттаманы беруді, өндірісті жергіліктендіру және бірлескен өндірістерді дамыту жөніндегі талаптарды көздеуді, тиісті талаптарды ірі энергетикалық жобаларды іске асыру шарттарында бекіту мүмкіндігін қарастыруды;

3. Турбиналар, генераторлар, қазандық агрегаттары, компрессорлар және технологиялық тұрғыдан күрделі өзге де энергетикалық жабдықты өздері өндіретін отандық кәсіпорындарды қолдау шараларын енгізуді, ұзақ мерзімді тапсырыстар беру, тәжірибелікөнеркәсіптік енгізу, өнімнің техникалық талаптарға сәйкестігін растау және кейіннен сериялық өндіріске көшу тетіктерін қарастыруды сұрайды.

Құрметпен,
«Ақ жол» демократиялық партиясы фракциясының мүшелері:
Б. Бибаев
Д. Еспаева
О. Нұралдинов
М. Шынасилова
Ю. Ли
А. Қожахметов
Д. Ахметжаев
Е. Юсупов

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Н. М. НӘЛІБАЕВҚА

РҰҚСАТ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ТИІСТІ ДЕҢГЕЙДЕ РЕТТЕЛМЕГЕН

Кең таралған пайдалы қазбаларды өндірумен айналысатын шағын және орта бизнес субъектілері үшін әкімшілік кедергілерді жою керек. Бұл туралы депутаттық сауалды «Ақ жол» фракциясынан Құрылтай депутаты Мейраш Шынасилова жолдады.



«Ақ жол» демократиялық партиясына кең таралған пайдалы қазбаларды (құм, қиыршық тас, малтатас, саз және басқа да инертті материалдарды) өндірумен айналысатын шағын және орта бизнес өкілдерінен өтініштер түсуде.

Бұл кәсіпкерлер өз қызметі арқылы жол, тұрғын үй және өнеркәсіп құрылысы салаларындағы маңызды жобалардың іске асырылуына, сондай-ақ құрылыс материалдарын өндіруге үлес қосып келеді.

Аталған сала кәсіпкерлері тап болып отырған өзекті мәселелердің бірі – рұқсат беру жүйесінің тиісті деңгейде реттелмеуі.

Мәселен, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекстің 25-бабына сәйкес, елді мекендердің жерлерінде және оларға іргелес аумақтарда 1 000 метр қашықтық шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге тыйым салынады.

Алайда ауылдық жерлердегі көптеген елді мекендердің ресми шекаралары айқындалмаған. Ең жақын тұрғын үйге қарай айқындау да сенімсіз өлшем болып табылады. Өйткені мұндай ауылда кез келген жаңа ғимараттың салынуы тұтас бір кәсіпорынның жұмысын тоқтатуға себеп болуы мүмкін.

Бұдан бөлек, соңғы жылдары елді мекендердің шекараларын қайта қарау және кеңейту, оларды қалалардың құрамына қосу үрдісі жиілеп отыр.

Кей жағдайларда мұндай шешімдер іргелес аумақта қалыптасқан өндірістік жүйені ескермейді. Ал бұл кәсіпорындарда, әдетте, сол елді мекендердің тұрғындары өздері еңбек етеді.

Соның салдарынан барлық қажетті рұқсат құжаттарын бұрын белгіленген тәртіппен рәсімдеп, қомақты қаражат инвестициялаған, техника сатып алып, инфрақұрылым жүргізген және өндірістік базалар салған кәсіпкерлер өз бизнесін жабу туралы талаптарға тап болуда.

Біз қауіпсіздік талаптарын сақтау және халықтың жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру қажеттігін толық қолдаймыз.

Сонымен бірге заңды негізде жұмысын бастаған кәсіпорындардың қызметі кейіннен қабылданған аумақтық жоспарлау шешімдеріне байланысты шектелген жағдайда, адал кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың нақты тетіктері болуға тиіс.

Мемлекет рұқсат берген қызметке қаражат салған кәсіпкерлер өздері қабылдауға қатыспаған шешімдердің салдарынан шығынға ұшырап, банкрот болмауға тиіс. Егер мемлекет бизнестен ұзақ мерзімді инвестициялар күтсе, онда өзі қабылдайтын шешімдердің тұрақтылығы мен болжамдылығын да қамтамасыз етуге міндетті.

Қолданыстағы өндірістік нысандарды ескермей тұрғын үй құрылысын жоспарлап, кейіннен сол кәсіпорындардың қызметін шектеу немесе тоқтату мәселесін көтеру әділетті тәсіл деп тану қиын. «Ақ жол» фракциясы бұған дейін де «Кублей», «Қағазы Рисайклинг» және басқа да зауыттардың санитариялық аймақтарына қатысты мемлекеттік органдармен болған даулар барысында осы мәселеге бірнеше рет назар аударған болатын.

Осыған байланысты «Ақ жол» демократиялық партиясының Құрылтайдағы фракциясы келесіні сұрайды:

Біріншіден, елді мекендердің шекараларының кеңеюіне немесе кейіннен тұрғын үй құрылысының пайда болуына байланысты қызметіне шектеулер қойылған кәсіпорындарға қатысты «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекстің 25-бабын қолдану тәжірибесіне кешенді талдау жүргізуді.

Екіншіден, осындай жағдайларда адал кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған заңнамалық тетіктерді әзірлеуді. Бұл ретте кәсіпкерлік қызметті жалғастыру мүмкіндігін, өтпелі кезеңдерді белгілеуді, сондай-ақ қызметті жалғастыру мүмкін болмаған жағдайларда мүліктік мәселелерді реттеуді көздеуді.

Үшіншіден, мемлекеттік органдардың, оның ішінде жер телімдерін беру және елді мекендердің шекараларын айқындау мәселелеріндегі іскимылдарының үйлестірілмеуі салдарынан жер қойнауын пайдалануға мемлекет берген лицензияның нақты қызметті жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етпейтін жағдайларға құқықтық баға беруді.

Сонымен қатар, республика бойынша осындай жағдайларды түгендеп, елді мекендердің шекараларын өзгерту және тұрғын үй құрылысын жоспарлау кезінде қолданыстағы өндірістік нысандарды міндетті түрде ескеру мәселесін пысықтауды сұраймыз.

Құрметпен,
«Ақ жол демократиялық партиясы фракциясының мүшелері:
М. Шынасилова
Д. Еспаева
О. Нұралдинов
Ю. Ли
А. Қожахметов
Д. Ахметжаев
Б. Бибаев
Е. Юсупов

Бас пайдамыз үшін «елім-жұртым» демесек...

Ішінен өз мүддесін ойлап тұрып, «халқым, халқым» дегендерден қорқу керек қой. Сірә, қазіргі кесір қоғамның кері кеткен адымын алға бастырмай жатқандар да солар болса керек. Бізге осындай адамдардың, әсіресе, шенеуніктердің психологиясын зерттейтін бір ізгілік (мораль) институты қажет-ақ.

***

Кейбір жігіттер «жазғыш-ақ». Бірақ жылтыр, жылуы жоқ. Жазу мәдениеті кемшін. Жағдайға бейімделгіш, түзу қаламын қисайта салады. Әрі сұлу, әрі сұңғыла жазғанға не жетсін.

З.Қабдоловтың Қадырға айтқанындай, «сыры терең, сыңғыры бөлек» жатса ғой дейсің.

***

Қазақта ғажап күйлер мен әндер көпақ. Ал «Қоңырдың» жөні бөлек. Ұлт мінезі мен парасатына, өмір пәлсапасына, бұл тірліктің баянды, баянсыздығына, қысқасы, осы бір күйден адам жан дүниесінің бар сауалына жауап аласың. Соны шығарған адамға ескерткіш қою керек қой.

***

Астанада бір айтыс өтті, елеусіздеу өтті. Бір кеш бойына шындық шіркін шырылдады. Жалпы, айтыста ақиқат көп айтылады ғой.

Жиналысқұмарлар, мәжілісқорлар, шенеуніктер бір ауық айтысқа барса көзі ашылар еді. Болмаса кейбір шенеуніктер көзінен көкірегі асып кетіп, әз боп жүр ғой. Айтыста айтылғанның бәріне құлақ ассақ, қажеттісін алып, қажетсізін алып тастасақ, біз ендігі әлдеқайда алысқа кеткен болар едік.

Айтыстар көкірегі бітеліп қалғандарға керек-ақ.

***

Қазір Шәмші туралы аз жазылып жатқан жоқ, оны жоққа шығаруға болмайды. Десек те, кейбір естеліктерде (мейлі ол мақала, суреттеме, т.б. болсын, бәріне талап біреу) ол ішкіш, боқауызшыл, елкезбе, әр жерде түнегіш, тоналғыш.

Энгельстің Гете туралы «Колоссально велик, в жизни мелок» деген сөзі бар. Мәселенің екінші жағы еске түседі. Мұндай ірі, кесек тұлғалардың өмірі ешқашан жаймашуақ болмаған. Шәкеңнің сүйікті досы Төлеген ақын «Тұрысым осы менің, ал мендегі сезімді көрсең шошыр едің» демей ме? Демек, ол даңқы қанша жер жарғанымен, іші толы жалын, күйік болған. Оны кезеңмен, әлде басқамен байланыстыра ма, бұл енді жазушының шеберлігіне, талантына байланысты шаруа ғой.

Талантты дәуір туғызады. Заман қандай еді, Шәмші қандай еді? Сол уақытты жүрек сүзгісінен өткізе отырып, кезеңге сипаттама берілуі керек қой. Шәкең әріберіден соң сол кезеңнің құрбаны ғой (Распад личности). Ол кезеңнің әкімдері, атқамінерлері қандай еді, таланттары қандай еді. Әңгіме биіктік, бекзаттық туралы болуы керек шығар. Шәмші қаншалықты биік болса, ол туралы туындының да аласа болуға қақысы жоқ.

Ендігі жерде Шәмші – екінші Естай кім дегенде XXI ғасырдың ұрпағы не оқуы, не білуі керек?..

Таяуда атақты американдық биші Айседора Дунканның «Мой исповедь» атты естелігін оқып шықтым. Шіркін, Шәмші туралы осындай бір кітап жазылса деп ойлап қойдым.

***

– Театрды сағынып жүрмін, тіпті, түсіме кіреді, – деді бір әнші, актер дос. Өнерді ессіз сүйетін жігіттің бірі. Амал жоқ, бала-шаға қамы үшін алып-сатумен айналысып жүр...

***

Адам театрға не үшін барады? Сірә, адам бола түсу үшін баратын шығар.

ҚАЗІР ӘР РУДЫҢ ӨЗ ҚАЙРАТКЕРІ БАР



Оның ары 86-жылы өліп қалған...

...Ай, Жәнібек, ойласаң, қилы заман болмай ма, суда жүзген ақ шортан қарағай басын шалмай ма?..

(Асанқайғы)

Қайран, біздің бабалар, баһадүрлер, айтуындай-ақ айтқан ғой. Бүгінгі күн көріп отырған жоқпыз ба соны. Көшеге, кеңсеге, үйге, түзге қараңызшы, көрмейсіз бе, көресіз. Шыққыр көзіңіз бәрін көреді.

Таңғы тыныштық, ымырт. Таудың салқын ауасы. Бір көрініс ұдайы қайталанады. Ұзындығы есік пен төрдей, қара сүліктей «Мерседес-Бенц» таудан түсіп келеді. Талмаусырағаң, үздігіп шыққан музыка. Шофер байғұс жанын шүберекке түйіп баяу жылжытады. Алдыңғы орындықта жирен шашты, көгілдір көзді қалақтай сары бала отыр. Қолындағы шынжырын есіктен төмен жіберген. Ит қыдыртып жүр. Тайқардай төбет, балпаң-балпаң басады.

Малынып киінген, шекесі шылқыған, түгі жылтыраған, езуінде ең қымбат темекі, әбден тойынған, бетінде иман жоқ біреу итін жетектеген күйі қарсы беттегі қазақтар тұратын үйдің балконының түбіне әкеліп бар шаруасын тындырып жүре берді. Қасақана істеді. Мұндай көрініске қазақтың еті өліп кеткен. Балкондағы қазақ бірдеңе десейші. Осылай қасақана істеу қазір саясатта да, экономикада да, өмірдің басқа саласында да бел алып барады.

***

Саудагер қатын аяғының астында жатқан нанға сүрініп құлады. Үстін қақты, долданды, нанды көтермеді.

Бір бойжеткен пісте сатып тұр. Пістені «Абай жолына» орап береді. Бұл көрініске қазақтар селт етпейді.

Бір атақты адамның бизнесмен баласымен қабір басында қадірлі кісінің жерлеуінде бірге болдық.

Жер лайсаң еді. Қасында тағы бір атақты адамның мүрдесі. Сол мүрденің темір шарбағына әлгі лай аяғын ұзақ сүрткіштеді. Әруақ ауырсынады демейді. Сол күні жер сілкінді. Мен әлгі надан қазақты ойладым.

Коммерсант қазақ жер түбі Түркияға ай сайын барады. Ал бірнеше жылдан бері бақылық болған шешесінің басына баруға уақыт таппайды.

Таяуда дастарқан басында белгілі бір адаммен дәмдес болдық. Кешегі Желтоқсанда мәскеушіл болған әлгі:

– Желтоқсан бәрімізге сабақ болды, – деді шімірікпей.

Ғабең: «...Оның ары 1937 жылы өліп қалған...» дейді. Ал қазіргі ақыл айтқыш кейбір «қайраткер» қазақтар ар-ұятының 1986 жылы өліп қалғанын әлі де сезер емес.

Қайран, біздің бабалар мен баһадүрлер! Айтуындай-ақ айтқан ғой. Қарағай басын шортан шалған емей не бұл? Асқандық, тасқандық емей не бұл?!

***

Мақтау, мадақтау жағынан қазақ әлі қамшы салдырмайды. Біреудің мақтауы «халықтық» мақтанға ұласып, содан белгісіз біреу қайраткер болып шыға келеді. Біреу малын сатып («бар малымды шығындап, болыс болдым, мінекей», Абай), біреу барын сатып қайраткер болу қазір қазақ ішінде бар.

Олар әзірге етекте, ертең төбеге шығады. Мақтауын келістірсе, насихатын күшейтсе, тоқпағы мықты болса, жетіп жатыр. Оның ұлт алдындағы сіңірген еңбегі, танымалдығы тілге тиек болмайды. Кешегі партияның тұсында жаңа адам тәрбиелеу деген болған. Бізде қазір сол ауру ушығып тұр. Қазақтың емес, әр рудың өз қайраткері бар. Бір өкініштісі, сол мадақтаудың бел ортасында журналистер жүреді. Қысқасы, қолдан қайраткер жасау басталды. Мақтау таудан құлаған тасқын секілді. Түптің түбінде сол тасқынның астында қалатындар кімдер?.. Әрине, қара халық.

Қайран, Ғабең не деп еді. «Ай мен Күн айқайламай-ақ шығады ғой».

Қарғасы көп елдің бұлбұлына күн жоқ

Сізді көптен бері көрген жоқ едім. Содан да көңілім алаң-тын. Өткен жолы үлкен бір сарай толы салтанатта көрдім. Арпа ішінде бір бидай болып тұрдыңыз-ау. Анау-мынау емес, сахнада көрдім. Жүрегім қатты соқты. Қуаныштан болуы керек. Қырғиы да, қарғасы да сөйлеп жатыр. Сіз күлімсіреп тұрдыңыз. Әрине, сырт көз үшін. Өйткені жан жарасын сездіргіңіз келмейді. Тектісіз ғой. Сол салтанатта налитын көрініс аз болмады. Даналық пен дүмшелік итжығыс түсіп жатты. Сіз ешқашан сұлулықты сатпағансыз. Таза өнер төккенсіз. Сондағы «еңбегі сіңген» бір әртістің әуейі сөйлегені-ай?! Байқаймын, жүзіңіздегі әлгі бір болмашы сәуле сөніп барады. «Қарғасы көп елдің бұлбұлына күн жоқ» деген ғой, тағдыр Сізді аз күнде аз азапқа салмады. Соның бәрін Сіздің рухыңыз жеңетініне кәміл сенуші едім. Солай болды да. Көзіңізде әлі от бар екен – өнер оты, намыс оты.

Ғабең айтады: «Қазаққа он талант аздық етпейді, жүз талант көптік етпейді». Сіз сол он жүйріктің де, жүз жүйріктің де бірісіз. Оған екі дүниеде де күмән жоқ. Әттең, орта жолда сәл аялдап қалғаныңыз жанға батады. Аман болыңыз! Кейде осындай бір көңілсіздік билегенде орыс тіліне «жүгінгің» келеді. «И на вашей улице будет праздник»...

***

Біреулер жүрегім ауырды дейді. Жүрек ауырмайды ғой, жүрек жарылады, жүрек тоқтайды. Басқа дене мүшелерінің жұмыс ырғағы бұзылған жағдайда салмақ жүрекке түседі ғой. Бұл өз-өзінен түсінікті қарапайым қисын.

Қазіргі қоғам картинасы осыған ұқсас. Иесіздік, алып-сатарлық, жемқорлық, көз қысты, бармақ басты асқынып барады. Бақылау жоқ. Содан соң да ел жүрегі жаралы. Осының бәрін көретін де, сезетін де жүрек байғұс қайдан шыдасын. Жарылады, тоқтайды ғой.

Қазір өнерде, әдебиетте үлкен жүректер тоқтап жатыр. Неге тоқтайды? Себебін көп сөзбен де, бір сөзбен де айтуға болады.

***

Жол шетінде белі бүгілген кейуана пісте сатып отыр. Бір милиция әлгіні айналып шықпайды. Нағашысының дүниесіндей әрі өтіп бара жатып бір уыс, бері өтіп бара жатып бір уыс алып кетеді. Қызмет күнін сол кейуананы тонаумен, артынан есептесумен өткізеді. Бала кезімізде милиция деген ерлік жасап жататын қайсар, ержүрек мамандық секілді еді. Бір көкеміз: адамнан милиция жасау оңай, ал милициядан адам жасау қиын деуші еді. Қазір солай болып тұр. Бәріне топырақ шашпайсың, әрине, адал адамдар бар. Бірақ ат төбеліндей. Заңсыздыққа, қыпқызыл қиянатқа заң адамдары жол ашса, не шара?!

Есіңнен әлгі кейуана кетпейді. Заман-ай, десейші, бетінің нұры тамып, немерелеріне әдемі ертегісін айтып, балашағаның алдында айбын болып, мейманасы тасып, бір үйдің киесі болып отырмай ма? Тал көлеңкелеп пісте сатып несі бар?

Немере деген тәтті болады, сонсоң қиын болады. Сол күні алдынан немересі жүгіріп шықты. «Алақай, алақай, апам шемішкені сатыпты. Белесебет алатын болдық». Ет жүрегі елжіреген кейуана не десін. «Айналайын, белесебетті келесі жолы аламыз, бұл жолғысын милиция бала алды» дей ме? Оны түсінетін немере неме ме?

Өткен күндер еске түседі. Студентпіз. Апамды сағынам. Қайран апам, бар тәттісін, бар жылы-жұмсағын маған сақтайтын. Оның сыртында «аналар біліп қоймасын» деп еш шашау шығармай пенсиясын қоса беретін. Бүгінде немере алдында үнсіз, дәрменсіз қалған қарттарды ойлағанда, сол сурет еріксіз көз алдыма келе береді...

Қали СӘРСЕНБАЙ,
жазушы



ТІЛІНДЕ МІНІ КӨП ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫ

Осыны қайтсе болады? Бүкіл продюсер, режиссер, сценаристердің бетін бері қарата алмай қойдық қой. Кинода «сөз арасын» «бөтен сөзбен былғайтындарды» айтамын да. Әлде бұған да заң шығару керек пе? Бірақ еркін әрекет етуге тиіс шығармашылық адамдарын қатып қалған ережелермен тұсаулап тастаған жөн бола қоймайды-ау. Десе де, бұл үдерісті бірдеңе қылып тоқтату керек сияқты.

Негізі, бұл мақала «Қазіргі қазақ киносын көріңіздер» деп аталуы керек еді. Қалай десек те, бүгінде кәсіби жағынан едәуір даму бар отандық фильмдерді көруге жұртты шын ниетіммен шақырғым келген.

«Сен айтпасаң да көріп жатыр ғой» дерсіз. Оныңыз рас. Бірақ қазір соны керісінше насихаттайтындар азаймай тұр. Өз ұлтының жап-жақсы туындыларын менсінбейтіндер әлі де көп. Голливудқа, басқа да қайдағы бір ділімізге жат, болмысымызға қайшы, санамызға қиғаш жанрдағы, асқан азғындық пен қатыгездікті дәріптейтін фильмдерге қарап «ұлиды». Соны өзінше биік дәреже көреді. «Қазақ киносын көре алмайды екенмін. Бізде өзі кино бар ма?» деп ділмарсиды. Тіпті оны көруді ар санайды-ау дерсің!

Ал негізі, бүгінде қазақ киносы дамып жатыр деп үлкен сеніммен айта аламыз. Кілең комедия болып кетті деп сынаушы едік. Енді драманың алға шығып жатқан жайы бар. Киносценарист Қанат Рамазан маған екі жыл бұрын берген сұхбатында «Қазір кино қатты өзгеріп келе жатыр. Соған сай көрерменнің талғамы да өзгеруде. Бүгінде олар тарихи кино мен терең драмаларға сусап отыр... Біз енді осы жағдайға келіп қалдық» деген еді.

Енді соған шынымен келіп отырмыз. Сол кездің өзінде үлкен экранға шыққан, осы Қанат Рамазан сценариін жазған «Нұрикамал» фильмі көпшіліктің ыстық ықыласына бөленіп, сөйтіп қана қоймай, мағынасы үшін сыналып та, қоғамда үлкен резонанс тудырған болатын.

Жалпы, ол қазақ киносында бір әнге арналған алғашқы туынды болды. Оған сын ақын әйелдің сазгер күйеуінің ғашығына арналған әуеніне сөз жазып бергені, тіпті соған қосқысы келгені үшін айтылған еді. Ал кәсіби жағынан да, тіл тазалығы жағынан да оған ешкім мін таға алмады.

Негізі, драмада да комедияның элементтері жүретінін жоққа шығармаймыз. Бұл бір жағынан бұрыннан бар жағдай, екінші жағынан қазақ киногерлерінің ә дегенде көрерменді күлкіге бөлейтін жанрды терең меңгеріп алғанының нәтижесі болса керек. Оның үстіне күлдіріп отырып жылату да – шеберліктің бір қыры.

Жылату демекші, бүгінде «Жылатсам болды, күшті кино шығардым деп ойлайды-ау» дейтіндер шықты. Сөйте тұрып, «жылататын кино бар ма?» деп сұрайтындар бар. Кейде бір көңілдің сондай сәттері болады ғой. Және ол көп адамда болады. «Жылататын» фильм жасайтындар солардың көңілінен шығып тұрған жоқ па? Ендеше, несіне оны кемсітіп, кекетеміз? Бұрындары «біздің қазақ жұрт жаппай көретін киноны қашан шығарады?» деп мәселе көтеретінбіз. Сол көретін кино қазір шығып жатыр. Олар көретін болып қана емес, талғаммен де жасалып жатыр.

Актер, режиссер әрі продюсер Нұрболхан Шарапов түсірген «Болған оқиға» (2025 жыл) драмасын алайық. Бұның «Болған оқиға 2» (2026 жыл) дегені де шықты. Мұнда да, сол жоғарыда айтқанымыздай, әзіл элементтері бар. Яғни комедиялық драма. Режиссерінің өзі әзіл-қалжың ортасынан шыққан ғой. Актерлері де негізінен комедияда ойнап жүргендер.

Фильмнің оқиға желісі өте тартымды. Жүрекке дөп тиетін сәттері бар. Бірақ одан суыртпақтап мысал келтірмей-ақ қояйын. Көп адам көрді. Сондықтан оны көпшілік біледі.

Тағы бір комедия жанрының өкілі, актриса Дариға Бадықова да жақсы бір драманы дүниеге әкелді. «Ыстық ұя» (2025 жыл) деп аталады. Бадықованың продюсерлігі және Дархан Кариповтың режиссерлігімен түсірілген бұл фильмде ойлантар, мұңайтар сәттермен қатар күлкі шақырар тұстар да бар. Ондай тұстар, әсіресе, күйеу бала болып ойнаған актер Олжас Абайдан көбірек көрінеді. Ол сол баяғы сұжұқпас, жағымпаз, сүйкімсіз, қылжақбас кейпінде. Қайын жұртына қанша жағымпазданса да, ешқайсысына жақпайды. Сонысымен де сүйкімсіз әрі күлкілі. Оған жаның да ашиды ма дерсің.

Осы тоқталып өткен екі фильм де ана туралы. Біріншісінде балалар үйінен алынған үш ұлға өз аналарынан кем болмаған өгей шеше. Екіншісінде балалары тірісінде қадіріне жете қоймаған туған ана. Екеуінің де оқиға желісі әсерлі, мағыналы, әке-шешенің қадірін білмейтіндерге сабақ боларлықтай.

Ал бұларға тіл тазалығы тұрғысынан қарасақ, айтылар біраз әңгіме бар. Біздің негізгі айтпағымыз – сол орысша қосып сөйлеу мәселесі ғой. Осы екі фильмде бұл жағынан алып бара жатқан көп кемшілік жоқ. Бірақ үлкен кемшіліктің ұсақ қатеден басталатынын ескерген жөн. Оның үстіне сәл редакциялап жіберсе, таза қазақша шығар еді-ау деген ойымыз да бар. Кәне, «Болған оқиға» мен «Ыстық ұяның» сондай «әттеген-ай» дегізер жерлерін (бәрін емес, кей тұстарын ғана) редакциялап көрейікші. Сосын оны өзгелер ескерер ме екен?

«Болған оқиға». Ұлдардың үлкені әйеліне:

– **Пока что** ажыраспаймыз.

Біздің нұсқа:

– **Дәл қазір** ажыраспаймыз.

Үлкен ұл бауырларына:

– Сәл шыдаса, мен оған **и так-то** үй әперейін деп жүргенмін.

Біздің нұсқа:

– Сәл шыдаса, мен оған **онсыз да** үй әперейін деп жүргенмін.

Ортаншы ұл үлкен ұлға:

– Сол кезде **жмот** едің ғой сен.

Біздің нұсқа:

– Сол кезде **сараң** едің ғой сен.

Кіші ұл:

– **Прям** ондай үй емес.

Біздің нұсқа:

– **Дәл** ондай үй емес **енді**.

Кіші ұл ағаларына (дәмханадан шығайын деп жатып):

– Мынаның **счетін** төлеңдер ме?

Біздің нұсқа:

– Мынаның **ақысын** төлеңдер ме?

«Ыстық ұя». Басты кейіпкер – Ғалияның (Дариға Бадықова) күйеуі Ардақ:

– Мен қазір **серьезный жігітпін**.

Біздің нұсқа:

– Мен қазір **тәп-тәуір** жігітпін.

Анасы кенже ұлы Ермекке:

– Жақында бір жақсы жаңалық айтам деп жүр. Келін **түсіресің** бе?

Ермек:

– Жоқ, тәте, одан да жақсы жаңалық. Бірден баласымен алам. **Как раз** немере күтіп әуре болмайсыз. **Два в одном ғой**.

Біздің нұсқа:

– Жақында бір жақсы жаңалық айтам деп жүр. Келін **әкелесің** бе?

– Жоқ, тәте, одан да жақсы жаңалық. Бірден баласымен алам. **Есесіне** немере күтіп әуре болмайсыз. **Бір оқпен екі қоян атып алам**.

Осы жерде айта кететін жайттар бар. «Жұмысты жасамайды, істейді» деген сияқты, жігіт келінді түсірмейді, әкеледі. Келін түсіретін оның әке-шешесі, үйіндегі үлкендер. Сосын, «как раз» деген сияқты сөздердің қазақша баламасы мүлдем табылмай бара жатса, соны тегі қолданбайақ қойса да болады. Оның қатарында мынадай да басы артық сөздер (сөз деуге де келмейді-ау) жеткілікті: «хотя бы», «как будто», «ты че», «е-мое», «просто», «вроде», «вообще» және тағы басқалар.

Ал енді бұларды қолданбай сөйлеу мүмкін болмай бара жатса, оның орнына жап-жақсы, айтуға жеңіл қазақша сөздер баршылық. Мысалы, «тым құрыса», «құдды бір», «бұның не?», «сұмдық-ай» немесе «мәссаған», «жәй» немесе «тек», «жалпы» немесе «негізі» және тағы сол сияқтылар. Жалпы, сөздің мағынасына байланысты басқаша да келтіре беруге болады.

«Айтуға жеңіл сөз» дегенді әдейі қолдандық. «Неге орысша сөздерді араластыра бересіздер?» деп режиссер немесе сценаристің қайсысынан сұрасаңыз да, беретін жауабы біреу ғана: «Кинода диалог күрделі болмауы керек. Тым әдеби сөздер ауызекі сөйлеуді қиындатып жібереді». Бірақ біз жоғарыда тым күрделі баламалар ұсынбаған сияқтымыз.

Енді «Ыстық ұяның» сөздерін редакциялауды әрі қарай жалғастырсақ.

Жаңа үйді салған күйеу бала Шалқар:

– Анау жерден мынау жерге дейін **теплый пол ұрдым**.

Біздің нұсқа:

– Анау жерден мынау жерге дейін **жылы еден қылдым**.

Үйдің үлкені Абай Шалқарға:

– Қандай **ушлыйсың** сен, а?

Біздің нұсқа:

– Қандай **қусың** сен, а?

Ардақ:

– «Фатиха» сүресін **наизусть знаю**.

Біздің нұсқа:

– «Фатиха» сүресін **жатқа білемін**.

Өстіп қазақшалай салу қиын ба? Әрі біздің нұсқалар бұнда да сонша күрделі, тым әдеби сөздер емес. Редакциялай берсең, әңгіме ұзаққа созылып кетейін деп тұр. Оның үстіне орысша бұдан да көп араластырған фильмдер «өкпелеп» қалып жүрмесін. Сондықтан сөз түзетуіміз осымен тәмам.

Продюсер, режиссер және сценаристердің тағы бір уәжі бүгінгі заманда адамдар қалай сөйлесе, киноның кейіпкерлерін де солай сөйлетуіміз керек дегенге саяды. Бұл тұрғыда режиссер, сценарист Рүстем Әбдіраш бізге былай деген еді:

«Кино өзінің заманын консервілеген сияқты уақытты консервілейді. Мысалы, мен қазір өзімнің фильмдеріме талдау жасайтын болсам, олар сол түсіріліп жатқан кездегі заманды консервіге ораған сияқты. Яғни еліміздегі қазақ тілін қолданудың сол кездегі пайыздық мөлшеріне сай келеді... Өзімнің соңғы туындыларымның бәрінің сценарийі таза қазақ тілінде жазылып жатыр. Бірақ кейбір эпизодтарда, мысалы, қаланың қазақтары орысша араластырып немесе таза сол тілде сөйлейді. Әлі де болса, өмірде де сондайлар бар екені рас қой. Бұл – заманның көрінісі... Қай заманның да бейнесін дәл беретін болса, одан бас тартудың қажеті жоқ».

Режиссердің бұл уәжі дұрыс та шығар. Бірақ біздіңше, өнер қоғамның ыңғайына қарай кетуші емес, қоғамды өзіне ертуші болуы керек. Ол әрқашан көрерменнен алда жүруге тиіс. Оның адамды тіл тазалығына баулуға толық мүмкіндігі бар.

Тіл тазалығы демекші, бүгінгі киносценаристер сауатсыз блогерлердің деңгейінде қалып қойған. Өйткені сөз саптаулары сондай. Жоғарыда біз «жігіт келін түсірмейді, ол келінді әкеледі» дедік қой. Сол сияқты қазіргі кинода машина немесе телефонды «сынып қалды» деп айту жаппай қалыптасып келеді. Негізі, техниканы, технологияны «сынып қалды» демейді, «бұзылып қалды» дейді. Сынатын ол шыны, ағаш, тағы сол сияқтылар. Сосын, адам терезені шақпайды, жаңғақты және басқа сол сияқтыларды шағады. Ал терезе шыны ғой, сынады.

Қазір «Өкпе Бауыр» атты сериалды (режиссері Әділхан Ержанов, 2026 жыл) көріп жүрмін. Оған да кәсіби шеберлік жағынан тағар мінім жоқ. Алайда, өкінішке қарай, міні сол баяғы тілінде болып тұр. Бөтен сөзбен көп былғанғаны былай тұрсын, арасындағы кей қазақшасы да оңбай қалған. Мысалы, басты кейіпкердің бірі інісінің баласын «жиен» деп соға салды. Яғни сериалды шығарушылар қазақтың әуелден әпкенің не қарындастың, жалпы қыздың баласын ғана «жиен» дейтінін білмей, сауатсыздық танытып отыр. Осы күнгі әйелдердің келін болып түскен үйін «қайын жұртым» деп жүргеніндей бұл да ертең дәл солай қалыптасып кетсе, не болмақ?

Әрине, мен кәсіпқой киносыншы емеспін. Бірақ қазіргі қазақ киносында міндетті түрде тіл тазалығы сақталуға тиіс деп санаймын. Өкінішке қарай, бұл тұрғыда оның міні көп болып тұр. Ендігі жерде киногерлер осыны мықтап ескерсе екен дейміз. Әрине, егер ол жақта бұны жөн-ау дейтін адам табылса.

Оразәлі БАЙМҰРАТ

№43-44 (1224) 26.10.2026
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

ЛОГИСТИКАНЫ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

одан ұтар жеріміз жеткілікті



Соңғы он жылда логистика саласы түбегейлі өзгеріс кезеңіне қадам басты. Бұрын ол тауарды бір нүктеден екінші нүктеге жеткізумен шектелсе, бүгінде логистика деректерді, технологияларды және басқарушылық шешімдерді біріктіретін күрделі жүйеге айналды. Яғни қазір оған тауарды, өнімді тасымалдау, соның арасында қабылдау, сұрыптау, сақтау және буып-түю жұмыстары кіреді.

Бұл өзгеріс — жаһандық экономикадағы жаңашылдықтың көрінісі. Біз осы саланы цифрландырудың артықшылықтарын ғылыми және салалық деректер негізінде жалпақ тілмен түсіндіруді жөн көрдік.

Логистика неге цифрлануға мәжбүр?

Жеткізу тізбегіне ондаған компания, мыңдаған қызметкер, миллиондаған құжат пен түрлі тәуекел қатысады. Бір ғана кідіріс немесе ақпараттағы қате бүкіл жүйенің жұмысына әсер етуі мүмкін. Бұрын логистикалық операциялар көбіне қағаз құжаттар, телефон қоңыраулары және қолмен есеп жүргізу арқылы басқарылды. Алайда электрондық сауданың дамуы, тұтынушылар талаптарының күшеюі және жеткізу жылдамдығына сұраныстың өсуі бұл тәсілдің әлсіздігін көрсетті.


Қазіргі тұтынушы тауардың қайда екенін ғана емес, оның қашан және қандай жағдайда жеткізілетінін нақты білгісі келеді. Сондықтан кәсіпорындар шешімдерді болжамға емес, нақты деректерге сүйеніп қабылдауға көшуде.

«Ақылды» қоймалар мен автоматтандыру

Заманауи қоймаларда робот-тиегіштер, автоматтандырылған көлік құралдары, түгендеу дрондары және қойманы басқарудың цифрлық жүйелері қолданылады. Заттар интернетіне негізделген сенсорлар қоймадағы әрбір қозғалысты, температураны, ылғалдылықты және тауар қорын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

Автоматтандыру жинақтау уақытын қысқартып, қойма кеңістігін тиімді пайдалануға, операциялық шығындарды азайтуға және адам тарапынан болуы ықтимал қателердің алдын алуға көмектеседі. Әсіресе, тез бұзылатын өнімдер үшін температура мен ылғалдылықты үздіксіз бақылау өнім сапасын сақтауда маңызды рөл атқарады.

1-диаграмма. Қойманы автоматтандырудың ықтимал әсері



Дерек: ғылыми және салалық зерттеулерде келтірілген шамаланған көрсеткіштер

Жасанды интеллект және үлкен деректер

Жасанды интеллект алгоритмдері сұранысты болжайды, өткен кезеңдегі мәліметтерді талдайды және тауарды қашан, қанша көлемде және қай бағытпен жеткізу тиімді екенін көрсетіп береді. Бағыттарды оңтайландыру жанармай шығынын төмендетіп, жеткізу мерзімінің дәлдігін арттырады.

Блокчейн және жеткізу тізбегінің ашықтығы

Блокчейн* технологиясы ақпаратты өзгерту қиын тізбек түрінде сақтайды. Ол өндірушіге, тасымалдаушыға, кеден органдарына, қоймаға және сатып алушыға бір дерекке сүйенуге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде құжат айналымы жылдамдатылып, жалған ақпарат пен алаяқтық әрекет қаупі төмендейді.


Дегенмен, блокчейннің тиімділігі қатысушылардың ортақ стандарттарды қабылдауына және енгізілетін деректердің сапасына байланысты. Қате енгізілген ақпарат технология арқылы өздігінен түзетілмейді.

Салқын жеткізу тізбегіндегі цифрлық бақылау

Дәрі-дәрмек, вакцина және тез бұзылатын азық-түлік үшін тасымалдау жағдайы шешуші мәнге ие. Арнайы сенсорлар температураның ауытқуын дереу тіркеп, жауапты қызметкерге ескерту жібереді. Бұл өнім бүлінбей тұрып жедел шара қабылдауға жағдай жасайды.

Нәтижесінде жүк жоғалуы азаяды, сапаны бақылау күшейеді және даулы жағдайда тасымалдаудың бүкіл тарихын тексеруге болады. Осылайша цифрландыру экономикалық тиімділікпен қатар азық-түлік және медициналық қауіпсіздікке де ықпал етеді.

2-диаграмма. Цифрлық технологиялардың логистикадағы қолданылуы



Дерек: ғылыми және салалық зерттеулерде келтірілген шамаланған көрсеткіштер

Цифрландырудың экономикалық әсері

Цифрлық шешімдердің экономикалық пайдасы операциялық шығындарды қысқарту, қойма қорын оңтайландыру, жеткізу дәлдігін арттыру және адами қателерді азайту арқылы көрінеді. Нақты нәтиже кәсіпорынның көлеміне, бастапқы инфрақұрылымына, қызметкерлердің даярлығына және деректер сапасына байланысты.

Цифрлық трансформацияның бастапқы кезеңінде сенсорлар, серверлер, бағдарламалық қамтамасыз ету және жүйелерді біріктіру үшін инвестиция қажет. Алайда дұрыс жоспарланған жағдайда бұл шығындар орта және ұзақ мерзімді кезеңде өзін ақтайды.

Негізгі мәселелер мен қауіптер

Цифрлық логистикаға көшу кезінде кәсіпорындар бірнеше кедергіге тап болады. Біріншіден, заманауи инфрақұрылымға айтарлықтай инвестиция қажет. Екіншіден, деректерді талдай алатын және цифрлық платформалармен жұмыс істейтін мамандар жетіспейді. Үшіншіден, ақпараттық жүйелердің біріктірілуі киберқауіпсіздікке төнетін қатерді арттырады.

Әртүрлі компаниялар пайдаланатын платформалар арасында ортақ дерек алмасу стандарты болмаса, жеткізу тізбегінің толық көрінуі қалыптаспайды. Сондықтан цифрлық трансформация бағдарламаны сатып алудан емес, бизнес-процестерді талдау, сапалы дерек дайындау және қызметкерлерді оқытудан басталуға тиіс.

Қазақстан үшін маңызы

Қазақстан Еуропа мен Азияны байланыстыратын маңызды транзиттік кеңістікте орналасқан. Цифрлық кеден, электрондық құжат айналымы, жүкті онлайн бақылау және халықаралық көлік дәліздерінің ортақ ақпараттық жүйесі елдің логистикалық бәсекеге қабілеттілігіне тікелей әсер етеді.

Логистикалық инфрақұрылымды цифрландыру шекарадан өту уақытын қысқартуға, транзиттік тасымалдың ашықтығын арттыруға және Қазақстанның халықаралық саудадағы рөлін күшейтуге мүмкіндік береді.

Кәсіпорындарға арналған ұсыныстар


Цифрландыруды енгізу үшін алдымен нақты мәселе мен күтілетін нәтижені анықтау қажет. Одан кейін деректердің толықтығы мен дұрыстығын тексеріп, шағын пилоттық жобаны бір қоймада немесе бір тасымалдау бағытында сынаған жөн. Қызметкерлерді оқыту, жүйенің тиімділігін өлшеу және адамның соңғы бақылауын сақтау да маңызды.

Сонымен қатар кәсіпорын деректерге қолжетімділік тәртібін, резервтік жұмыс жоспарын және киберқауіпсіздік талаптарын алдын ала белгілеуге тиіс. Технология дәл басқарушы сияқты жауапты бола алмайды, тек негізделген шешім қабылдауға көмектеседі.

Түйін сөз

Автоматтандыру мен цифрландыру – уақытша үрдіс емес, логистиканың құрылымын өзгертетін іргелі бетбұрыс. Болашақ логистика жүктің қозғалысын ғана емес, ақпараттың, технологияның және басқарушылық шешімдердің қозғалысын ұйымдастырады. Цифрлық жүйелерді сапалы дерекпен, білікті мамандармен және нақты бизнес-мақсаттармен байланыстыра алған компаниялар нарықта тұрақты артықшылыққа ие болады.

3-диаграмма. Цифрландыруға кедергі келтіретін факторлар



Дерек: ғылыми және салалық зерттеулерде келтірілген шамаланған көрсеткіштер

Блокчейн — бұл деректерді өшіруге, өзгертуге немесе қолдан жасауға жол бермейтін, өзара байланысқан блоктар тізбегі түрінде сақтайтын орталықсыздандырылған цифрлық дерекқор немесе тізім.*

Айнур УРСАРОВА,
Аружан БАЗИЛОВА,
«Тұран» университетінің «Маркетинг және логистика» жоғарғы мектебінің оқытушылары

ЕҢ АЛДЫМЕН ЖАҚСЫ АДАМ БОЛ

Әнші Қарагөз Сүлейменованың ұстанымы осындай

Қазақтың руханият әлемінде өз қолтаңбасын қалдырған екі алыптың – жазушы Асқар Сүлейменов пен қоғам қайраткері, қаламгер, дипломат Алтыншаш Жағановаың перзенті Қарагөз Сүлейменованың өмір жолы – тағылымы терең, өнегесі мол ғұмыр. Әкесі – ой мен сөздің қадірін терең ұғындырған парасат иесі, анасы – қайсар мінезі мен қайраткерлігі арқылы қазақ қоғамында өзіндік орны айрықша тұлға. Осындай зияткерлер отабысында өскен Қарагөз Асқарқызының балалық шағы ұлттың маңдайалды ақын-жазушылары мен өнер шеберлерінің ортасында өтті. Үлкендердің әңгімесін тыңдап, олардың өмірлік ұстанымы мен адами қасиетін бойына сіңірген жан жастайынан сөз салмағын, өнер киесін, ар мен абырой бағасын түсініп өсті. Сондықтан ата-ана атына кір келтірмеу, олардың аманатына адал болу Қарагөз Асқарқызы үшін өмірлік ұстанымға айналды.

Алайда Қарагөз – заңғар тұлғалардың қызы ғана емес, өзіндік өнер жолы, әншілік болмысы, ғылыми ізденісі мен өмірлік көзқарасы қалыптасқан жеке тұлға. Қазақтың дәстүрлі ән өнерін жүрекпен сезініп, ұлттық мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді мұрат еткен ол сахнада да, ғылым мен ұстаздық жолында да өзіндік із қалдырды. Оның өмірі – ата-анадан дарыған парасат пен тәрбиені, отбасылық жауапкершілікті және өнерге деген адалдықты қатар алып жүрудің үлгісі. Ел құрметіне бөленген жандардың ортасында өсіп, халық ықыласына бөленген Қарагөз Асқарқызымен әңгімемізде біз оның балалық шағына, ата-анасының өнегесіне, өнер жолындағы ізденісіне, үйелмендік құндылықтарына деген көзқарасына және өмірден түйген терең ойларына үңілдік.



– Ата-анаңыздың абыройы мен жұбайыңыздың танымалдығы сізге жол ашты ма, әлде елдің сенімін ақтап, өз орныңызды дәлелдеуге көбірек күш салуға тура келді ме?

– Өнерім әрдайым іштей өзіммен бірге, жүрегімде болды. Ұзақ жылдар бойы армандағаным – айтатын әндерімнің әрқайсысы жүрегіммен, ойыммен, жан дүниеммен астасып жатса деген тілек еді. Кей кездері әндерімді орындаған сәттерде жан дүнием тазарғандай күй кешетінмін. Халқымыздың әндері өте терең. Әр туындының өзіне тән тарихы, тағдыры мен терең мағынасы бар. Ән арқылы адамның жан дүниесі ашылып, жүректегі сезімі сыртқа шығады.

Мен үшін ән айту – жай ғана өнер көрсету емес, жүрекпен сезіну, оймен араласу да – халқымыз үшін өзіндік пәлсапасы бар үлкен құндылық.

– Ата-анаңыздың абыройлы беделі сізге қандай жауапкершілік жүктеді?

– Әке-шешемнің бекер адамдар емес екенін бала кезімнен сезіне бастадым. Себебі, ол кісілер ой мен пәлсапаға жақын жандар еді. Үйде кітаптар мен түрлі тақырыптар талқыланып, әсіресе, шетел әдебиетіндегі жазушылардың шығармалары туралы әңгімелер жиі айтылатын. Мен олардың әңгімелерін тыңдап, ойыма тоқып өстім. Үйімізге ақын-жазушылар жиі келетін. Хамит Ерғалиев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Нұрғиса Тілендиев ағаларымызды, кейіннен Зейнолла Қабдолов, Зейнолла Серікқали, Ғаділбек Шалахметов, Сағат Әшімбаев сынды тұлғаларды өз көзіммен көрдім. Олардың әкемді ерекше құрмет тұтатыны әлі есімде.

Ал анам – қазақтың ардақты қыздарының бірі. Ол «Қазақстан әйелдері» журналымен қатар, «Жаңа фильм», «Новый фильм» атты журналдардың жарыққа шығуына бастамашы болған. Сол кезеңдегі қазақ кино өнері туралы арнайы журналдардың тапшылығына байланысты осынау басылымдарды шығаруға мұрындық болып, ұлттық кинематографияның дамуы мен насихатталуына, қазақ киносының өркендеуіне үлкен үлес қосқан. Қазақ фильмдерінің тігісін жатқызып, Мәскеуге барып тапсыратынын да білемін. Әке-шешемнің қалыптасу жолы оңай болған жоқ. Олардың еңбектеніп, адалдықты ту етіп, кейде өз ұстанымдарын дәлелдеу үшін күрескен сәттеріне де куә болдым. Өнер мен әдебиетке жақын болғандықтан, мені музыкалық мектепке берді.

Менің тұлға болып қалыптасуыма екі әжемнің де ықпалы зор болды. Олар – нағашы апам Сұлима мен әкемнің анасы Айтоты. Осы кісілер бойымдағы жақсы қасиеттердің қалыптасуына екі жақтап ықпал етті. Әкенің қаны, ананың сүті дегеннің жөні бөлек, әрине. Осылайша, ата-анамның жай адамдар емес екенін бала кезімнен сезіндім. Сондықтан мен үшін әкемнің атына да, анамның атына да сөз келтірмеу әрдайым маңызды болды. Анам мені «Қырық үйден тыйым» деген қағиданы ұстанып тәрбиеледі.

– Айтулы тұлғалардың қызы болу өмірлік ұстанымыңыз бен мінезіңіздің қалыптасуына қалай әсер етті?

– «Сабыр түбі – сары алтын» деген мақалдың мәнін бойыма сіңірді. Қандай жағдай болса да, әліптің артын бағу, сабыр сақтап, ауыртпалыққа төзе білу, қажет кезде көне білу секілді қасиеттер бойымда осылай қалыптасты.

– Ата-анаңыздың қай қасиеттері бойыңызға сіңді деп ойлайсыз?

– Ата-анама қарап, жауапкершілікті сезінуді үйрендім. Ең алдымен адал болу, көңілдің таза, жүректің ашық болуы, адамның көкірегінде тәкәппарлықтың болмау керектігін түсініп өстім. Осындай қасиеттерді бойға сіңірудің маңызын, ал теріс қылықтардың күнә екенін ата-анамның өнегесінен көрдім. Олардың бойындағы жақсы қасиеттер маған қан арқылы да берілген шығар. Екінші жағынан, адам өзін-өзі тәрбиелеуі керек. Өмірге пәлсапалық тұрғыдан қарау қасиеті де бойыма әкем арқылы сіңді. Кей кездері көңілім құлазып, мұңайып қалатын сәттерім болады. Әсіресе, жаңбыр жауған кезде көңілім, неге екенін



Бүлдіршін Қарагөз әжесі Айтотымен бірге

білмеймін, құлазып кетеді.

Жалпы, бойымда ерекше сезімталдық бар. Бұл да әкемнен берілген қасиеттердің бірі деп ойлаймын. Әкемнің тағы бір керемет қасиеті – өзі туралы жағымсыз сөз айтылса да, ешқашан ол кісіге өкпелеп, ренжімейтін. Яғни өсектен биік тұратын. Сол қасиет менің бойымда да бар. Кейде бір нәрсені ести сала, бірден айтып қалуым мүмкін. Бірақ кейіннен кеңдік танытып, бәріне түсіністікпен қарауға, кешіруге тырысамын. Біреудің соңына түсіп, «ол сондай екен, мұны былай істеу керек, олай істеу керек» деп үкім айтатын пендешілігім жоқ. Бәріне Алла куә деп, қоя саламын. Ал анамнан бір істі аяғына дейін жеткізуді, оны реттеп, бақылауды, белгілі бір деңгейге көтеруді үйрендім. Табандылық, ұқыптылық, жан-жақты бағдарлай білу, іске тиянақтылық сынды қасиеттер анамнан дарыды. Қажет жерінде батылдық танытып, шындықты, батыл айтуды да үйрендім.

– Танымал, беделді, ел ықыласына бөленген тұлғаның жары болудың да өзіндік жауапкершілігі бары анық. Десе де, Досхан ағаның абыройын сақтай отырып, өз болмысыңызды жоғалтпау қаншалықты қиын болды?

– Танымал тұлғаның жары болу оңай емес. Ең алдымен, оған қызмет ете білу керек. Оның мінезін, еркелігін көтере білу қажет. Әйтпесе, мұндай адамдармен бірге өмір сүру оңайға соқпайды. Өнер адамдарының болмысы көбіне осындай. Уақыт өте келе өмір адамның өзін тәрбиелейді, үйретеді, илейді. Себебі, әйел заты үшін басты құндылықтардың бірі – отбасының берекесін сақтау, шаңырақты шайқалтпау. Сондықтан отбасында еркелік те, мінез де болады. Кейде күліп: «Бізде кейде жанартау атқылайды, кейде жер сілкінеді, кейде Қалдан Серен, кейде Абай Құнанбай, кейде «Бандыны қуған Хамит» болып отырамыз», – деймін. Шынында да, солай. «Ер азаматтың көңілі күніне жеті рет жетімсіреп, сегіз рет семіреді» деген сөз бар. Сондықтан оның көңіл-күйін түсініп, ыңғайына жығыла білу керек. Ыңғайына жығылмасаң, онымен бірге өмір сүру қиын.

– Қандай жарсыз?

– Әйел адамның өзіне тиесілі міндеттері бар. Үйге келетін қонақты күту, ер азаматың ашулы болса қарсы сөйлемеу, сөзге келмей, кейде үндемей қалу, мәселенің тігісін жатқызу, асын алдына қою, киімінің үнемі үтіктеулі болуына мән беру – мұның бәрі әйел адамның мойнындағы жауапкершіліктердің бірі. Ағайын-туыспен



Кейіпкеріміз әкесі Асқар Сүлейменов екеуі

ұғыну және жан дүниеңмен үндесу. Қазақ әндерінде композиторлардың мұңы мен зары, махаббаты мен арманы жатыр. Әр шығармадан олардың жан әлемін, өмірге деген көзқарасын сезінуге болады.

Күйеуімнің тілін табуға тырысып, отбасылық міндеттерімді атқара жүріп, өз жұмысымды да шет қалдырмай, еңбектерімді қорғадым. Әдебиет және өнер институтында академиктермен дастарханда болып, отыз жылдай аралас-құралас жүрдік. Олардың қатарында Зәки Ахметов, Зейнолла Қабдолов сияқты тұлғалар болды. Бұл кісілер менің ата-анамды керемет құрметтейтін. Мәселен, Хамит Ерғалиев ағамыздың үйге келгені әлі есімде. Бойшаң, шашы қалың, аппақ өнді, қолына таяқ ұстаған қалпында үйге келіп, әкеммен «сіз» деп сөйлесетін. Ғаділбек Шалахметов пен Сағат Әшімбаев ағаларымыздың да әкемнің алдында именіп, ерекше құрмет көрсетіп, қоштасып кеткендерін көрдім.

Ол кезде мен әлі жас едім. Сол уақыттардағы талай дүниенің қадірін бүгінгі күні түсініп отырмын. Біз адал достықтың қандай болатынын көріп өстік. Төкен Ибрагимов,

Сөзсырға

«НАЙЗАҒАЙ КӨҢІЛ»

Атақты актер Досхан Жолжақсынов осынау әнді орындау туралы шешімді жұбайы Қарагөз Сүлейменованың елу жас мерейтойына тосынсый жасау мақсатында қабылдайды.

Актер әрі кинорежиссер бұл әуенді әнші Төреғали Төреәлінің орындауында естіп, қатты ұнатады. Зайыбының мерейтойы жақындап қалғанда, оған ерекше сыйлық жасағысы келіп, әнді ешкімге айтпай, үй ішінен де жасырып, құпия түрде дайындалған.

Досекең өзін кәсіби әнші санамаса да, бұл шығарманың мәтіні мен әуені оның жарына деген ішкі сезімін, махаббатын толық жеткізе алатынына сенген. Сондықтан үлкен сахна үшін емес, тек жарының құрметіне арналған кеште «жүректен шыққан дүние жүрекке жетеді» деген ниетпен айтып беруді ұйғарған. Актердің айтуынша, ол өнердегі ағалық жасына қарамастан, жас әншінің репертуарындағы «хит» әнді алып шығу үшін әжептәуір тәуекелге барады. Бірақ мерекелік кеште микрофонды алып, әнді шырқай жөнелгенде, оның бұл шешімі ақталып, жары Қарагөздің қатты толқып, көзіне жас алуына себепші болды.

Кейіннен отбасылық тойда түсірілген бұл бейнетаспа ғаламторға тарап, халық арасында зор танымалдылыққа ие болған соң, ол әнді сахнада да орындауды жалғастырды. Бүгінде сол тойда Досхан Жолжақсынов орындаған «Найзағай көңіл» әнінің Youtube-тегі қаралымы жеті миллионға жетіпті.

P.S.

Айтпақшы, әнші Төреғали Төреәлі бұл шығарманы алғаш ақын Аян Сейітовке өңдетіп, мәтінін сәл өзгертіп, «Найзағай болып» деген атаумен халыққа кеңінен танытқан.

Осыдан кейін авторлық құқық төңірегінде біраз мәселе туындағанымен, архивтік құжаттар арқылы әннің негізгі авторлары Үкітай Ерниязов пен Әл-Фараби Бекарысұлы екені толықтай дәлелденді.

№43-44 (1224) 26.10.2026
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

Зейнолла Серіккалиев, Герольд Бельгер сынды азаматтар әкемді ерекше құрметтейтін. Әкем дегенде ішкен асын жерге қойып, оның жанынан табылуға дайын тұратын. Оның бүкіл пәлсапасын, кейде бірден түсінбесе де, ұғынуға тырысатын. Өйткені олар әкемнің әлемдік деңгейдегі тұлға екенін түсінген жандар еді.

Президент оркестрінде еңбек еттім. Ұзақ жылдар бойы «Сазген сазы» этнографиялық ансамблімен жұмыс істедім. Ансамбльдің жетекшісі Бағдат Тілегенов, Ғабиден Тұяқаев ағаларымыз – осы өнер ұжымын алға сүйреп, биік деңгейге жеткізуге үлес қосқан азаматтар. Сонымен қатар Марат Жалбыров пен Ықылас есімді азаматтарды да ерекше атап өткім келеді. Осының бәрі – өнерге, әнге деген құрметтің көрінісі.

Бұдан бөлек, «Қазақстан әйелдері» журналында еңбек еттім, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында сабақ бердім. Кейін телеарна саласы да мені қызықтырды. Себебі, бұл да өзінді танытудың, қабілетінді көрсетудің бір жолы еді. Телевизияның өзі – бөлек әлем. Эфирге келген қонақты сөйлете білу, оған эмоциялық әсер сыйлау, өз ойыңды жеткізу, сонымен бірге экранның арғы жағында көрермен отырғанын ұмытпау қажет. Мұның бәрі үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Осы жұмыстармен қатар әншілік өнерімді ұмытқан емеспін. Кезінде Шәмші Қалдаяқов атындағы конкурста, «Шабыт» фестивалінде лауреат атандым. Мұның бәрі мен үшін әлі күнге дейін ыстық естеліктер. Жолдасым менің әншілік өнерімді жақсы түсінді. Ол кісінің өзі де өнер адамы болғандықтан, қабілеттімді бағалай білді. Бастапқыда әншілігіме аса қатты қолдау көрсетпегенімен, уақыт өте келе әншілік өнердің мені іштей мазалап, ойландырып, толғандыратынын түсінген жандардың бірі болды. Әнші болу үшін де қомақты қаражат қажет екенін ескеру керек.

– Әйгілі тұлғалардың жақындарына қойылатын талап та, қоғамның олардан күтері де бөлек. Сіз үшін осы жауапкершіліктің ең ауыр тұсы қандай?

– Танымал тұлғаларға бір-бірінің қоятын талабы, қоғамның оларға артатын үміті бар. Бұл бір жағынан дұрыс көрінгенімен, екінші жағынан, ойланатын тұстары да аз емес. Неге десеңіз, өмір өз ағымымен жүріп жатады. Әр адамның өз ойы, ішкі толғанысы, жеке басы мен отбасына қатысты мәселелері болады. Сондықтан қоғамның талап қоюы мен белгілі бір нәтижені күтуі бір басқа да, адамның күнделікті тіршілігі мен мүмкіндіктері бір басқа. Күйбең тіршілік адамның уақытын да, күш-қуатын да алады. Өмірдің сан-салалы міндеттері мен уақыттың зымырап өтуі арасында барлық мәселені ысырып қойып, ешқандай қиындықсыз өмір сүру мүмкін емес. Кейде біз осыны ескере бермейміз де, өзгелерден үнемі бір нәрсе күтеміз.

Осы орайда айтайын дегенім – міндетті түрде белгілі бір тұлға болуды өмірдегі басты ұстанымға айналдырмау керек. Ең алдымен жақсы адам болу қажет. Мен үшін ең үлкен қасиет – осы. Мықты ғалым бол, мықты музыкант бол, қандай салада жүрсең де, өз ісіңнің шебері атан. Бірақ ішкі жан дүниең соған сай болмаса, оның бәрі бекер. Бүгінгі қоғамда адамдар бір-бірінен қалмауға, өзгенің жетістігімен бәсекелесуге тырысады. Алайда адамның шынайы бағасы атақ-абыройымен ғана өлшенбейді. Ең бастысы – адамдық қасиетті жоғалтпау, айналаңа құрметпен қарау және ар-ұжданды биік ұстау.

– Еңбегіңіз үшін берілген қандай баға немесе марапат сіз үшін ерекше қымбат?

– Мен үшін ерекше ыстық әрі үлкен әсер қалдырған марапат – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атағын алған сәтім.

– Қызметіңізде қандай қағидаларды басшылыққа аласыз?

– Қызметімде ұстанатын басты қағидаларымның бірі – кез келген түйткілді шешу үшін мәселенің мән-жайына жан-жақты үңіліп, оның шешу жолдарын анықтау. Өйткені мәселені шешудің ұзақ жолы да, қысқа әрі төте жолы да бар. Мен шамам келгенше төте жолын табуға тырысамын. Ол үшін бар қабілетімді саламын. Сөзіммен бе, жолыммен бе, орныммен бе, әйтеуір мәселені шешетін адамға ойымды адами тұрғыдан жеткізуге тырысамын. Дауыс көтеріп, біреуге діңкілдеп, ештеңе дәлелдей алмайсың. Жағдайдың мәнісін түсіндіріп, оның арғы жағында не жатқанын сол адамның жүрегіне жеткізе білу керек. Көп жағдайда мәселені шешетін – адами фактор. Сондықтан мен адамның адами болмысына ерекше мән беремін.



Актер Досхан Жолжақсыновтың отбасы



Пионер Қарагөз

– Бойыңыздағы ең жақсы қасиет деп қайсысын айтар едіңіз?

– Менің жақсы қасиеттерімнің бірі – аңқылдақ көңілім мен ашық жүрегім. Бұл – менің табиғатым. Көпшілік осы мінезіме таңғалып жатады. Қазір біреумен сөзге келіп қалсақ та, ертеңіне әлгі адам алдыма келіп: «Қалайсыз?» деп сөйлессе, мен оған өкпемді сақтап, саусағымды бүгіп отырмаймын. «Пенде ғой, ондай-ондай болады» деп, әрі қарай әңгімемізді жалғастыра беремін. Жүрегімнің ашықтығы деген – осы. Кейде таныстарым мен туыстарым: «Неге сен осындайсын?» деп ренжіп жатады. Бірақ мен басқаша бола алмаймын. Бұл да ата-анамнан дарыған қасиеттердің бірі. Иә, мен өте қайырымды адаммын.

– Қиын сәттерде сізге күш беретін не немесе кім?

– Бала кезімнен діннен де хабарым болды. Нағашы апам алты жасымнан дұғалар мен сүрелерді үйретті. Анам да обал мен сауаптың не екенін түсіндіріп өсірді. Ал әкемнің анасы арқылы ер азамат пен әйел адамға қатысты қағидаларды бойыма сіңірдім. Ер азаматқа деген құрметтің не екенін көріп өсуім менің қалыптасуыма ықпал етті.

Бала күнімде анамның ауылына барған кезім әлі есімде. Ақмола облысындағы Астрахан ауылында жалаңаяқ келе жатқанымда жаңбыр жауды. Жаңбыр жылы еді. Мен сол кезде алты жастағы баламын. Үстім су болса да: «Бұл дегенің – Алланың нұры» деп күліп келе жаттым. Сол сәт әлі күнге дейін жүрегімде сақталып қалды. Мен осылайша кішкентай күнімнен Аллаға сенемін. Алла барлық істің қисынын келтіреді деп есептеймін. Иә, намаз оқимын. Намазға ертерек келген жоқпын. Бірақ әрдайым Аллаға сыйынып жүрдім. Алла маған күш-қуат береді деп сенемін. Қандай қиын жағдай болса да, иненің жасуындай кішкентай саңылаудан аман-есен алып шығып, бәрін реттейді. Мен мұны өмірімде талай рет сезіндім.



– Адамның қоғамдағы беделі немен өлшенуі керек деп ойлайсыз?

– Адамның қоғамдағы беделі артында қалдырған өнері мен ғылымына қарай бағаланады. Дей тұрғанмен, адамды оның адами қасиеттерімен де бағалау керек. Сонымен бірге шәкірттерімен де өлшенеді. Кейбір өнер адамдары артында шәкірт қалдырмаған. Бар білгенінді болашақ ұрпаққа үйретіп, аманаттау – өте үлкен сауапты іс. Мәселен, менің де театр саласында қалдырған азды-көпті еңбегім бар. «Орыс классикасы қазақ сахнасында: Гогольден Булгаковқа дейін» деген тақырыпта жұмыс жазып, қорғадым. Бұл – қазақ театрының XX ғасырдың 30-жылдарынан 90-жылдарына дейінгі даму кезеңін, оның 70-жылдарға қарай әлемдік драматургияға бет бұруын қарастыруға арналған зерттеу. Қазақ театрын орыс классикасынсыз қарастыра алмаймыз. Сондықтан осы тақырыпты зерттеп, өзімнен кейін белгілі бір ғылыми еңбек қалдырғанына қуанамын.

– Өзіңізді қандай әншімін деп сипаттар едіңіз?

– Мен заманауи, жаңа үрдістегі әндерді орындайтын әнші емеспін. Тындарманарымның басым бөлігі 45, 50, 60, 70, тіпті, 80 жастағы адамдар деп айтуға болады. Ұлтымыздың классикалық әндерін орындаймын. Қазақ әндері ұлтымыздың табиғи болмысымен, терең жазылған. Шамашарқым келгенше халқымыздың әу бастан қалыптасқан өнерлік болмысын сол қалпында беруге тырысамын. Себебі, бұл – ұрпақтан-ұрпаққа келе жатқан ән аманаты.

Өзімді біреуден артықпын деп айтқым келмейді. Дегенмен, әншінің үні, әнді жеткізудегі бояуы мен тембрі болады. Тембр – Алланың қалауымен берілетін қасиет. Көпшілік менің дауыс тембрімді ұнатып, ерекше екенін айтып жатады. Тіпті бір кездері: «Сіз ән айтып жатқанда, адамдарды емдеп жатқандай боласыз», – дегендер де болды. Лайым, солай болсын!

– Өткенге қарап, қандай із қалдырдым дей аласыз?

– Артымда тәрбиелі, ақылды ұрпақ қалдырдым деп ойлаймын. Ең бастысы, әкешешеме, анама, туыстарыма және жарыма жаман ат келтірмеген жанмын. Досекеңнің ақ жағасын кірлетпеген, адал жармын. Әке атын өшірмей келе жатқан ұрпақпын. Әжелерімнің берген тәрбиесін жалғастырып келемін. Әрине, өнерім арқылы да із қалдырғым келеді. Радиода, телеарналар арқылы өзімнен кейін аз да болса мұра қалдырып жатсам, оны ұрпақ іздеп, тыңдап, пайдаға асырып жатса не арман бар?. Бәлкім, мен өмірден өткеннен кейін де әндерімді іздеп тыңдайтын адамдар болар.

Мақтанышпен айтатын жайт – музыкатанушылар Ахмет Жұбановтың «Қарлығаш» әнін менің орындауымда үлкен халықаралық жиында, симпозиумда қазақ әнін орындаудың үлгісі ретінде ұсынған. «Қазақтың әнін міне, осылай орындау керек» деген пікір айтылған еді. Бұл – мен үшін үлкен баға, әрі зор қуаныш.

– Өмірде нені жек көресіз, нені кешіре алмайсыз, қандай нәрсеге сүйсінесіз және нені құптайсыз?

– Адамдардың бойындағы маған ұнамайтын қасиеттердің бірі – бетіне жылы сөйлеп, сыртыңнан басқа ойда жүру. Әкем де, анам да бұл жағынан ашық, таза адамдар еді. Сондықтан мен де тазалық пен адалдықты жоғары бағалаймын. Адамның жан дүниесінің таза болғанына сүйсінемін.

Менің кешіре алмайтын нәрсем – сатқындық. Сатқындыққа тап болған күннің өзінде адам өмір сүре береді. Бірақ бір нәрсе бар: жүрегіңмен құшақтай алмайсың. Мен үшін сатқындықтың орны осындай. Оны кешіруге тырысқанмен, бұрынғыдай сенім арта алмайсың.

Жалпы, мен пысық, қолынан іс келетін келіншектерді жақсы көремін. Бір істі қолға алса, дөңгелетіп әкететін, он саусағынан өнер тамған әйелдерді құрметтеймін. Себебі мұның өзі де – өнер. Өнер деген тек сахнаға шығу емес, ол күнделікті күйбең тіршіліктен басталады. Ең қарапайым деген тамақ пісіру, үйді таза ұстау, дастарқан жаю, келген қонақты күту, шайын уақытында құю, асын беру, шығарып салу – мұның бәрі де үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сырт көзге қарапайым көрінгенімен, осындай тірліктердің өз тәртібі мен қағидаты бар. Меніңше, отбасының берекесі де осындай ұқыптылық пен қамқорлықтан басталады. Әйел адамның бойында әрдайым өмірге деген құлшыныс, қуат пен сергектік болуы керек.

***

Қарагөз Сүлейменова — ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, мәдениет пен руханиятты жоғары бағалайтын жан. Оның бойынан парасаттылықты, білімділікті және өз ісіне деген жауапкершілікті көруге болады. Ол қазақ халқының тілі мен әдебиетін, салт-дәстүрін дәріптеуге ерекше мән береді.

Ақбота БАХТИЯРОВА

Казахстану жизненно необходима комплексная адаптационная политика. В условиях геополитической турбулентности, вооруженных конфликтов, торговых войн и климатического кризиса прежние экономические и политические модели теряют стабильность и неопределенность. РК находится на стыке геополитических интересов крупных держав и остро ощущает на себе последствия мировых потрясений. Адаптация для страны – это не просто реагирование на кризисы, а вопрос сохранения суверенитета, экономической жизнеспособности и выживания в экстремальных условиях.

АДАПТАЦИЯ К РИСКАМ: АРМИЯ, ЭКОЛОГИЯ, АПК



Комплексная программа адаптации

С момента обретения независимости Казахстан проводит многовекторную миролюбивую внешнюю политику и реализует комплекс мер по обеспечению стабильности в стране и регионе. Однако в последние годы международная архитектура безопасности претерпела радикальные изменения, и прежние форматы реагирования на кризисы по мере их наступления больше не гарантируют защищенность.

В складывающихся условиях для обеспечения устойчивого развития Казахстана – в контексте резко изменившейся геополитической обстановки, разрушения прежних экономических моделей и климатического кризиса – необходимы модернизация многовекторного курса и ускоренный переход к экономической самодостаточности.

Современный мир, где правила определяет не международное право, а жесткий баланс сил и технологий, заставляет Астану переосмыслить классическую «многовекторность» в пользу проактивного маневрирования. И прежний подход, основанный на балансировании между центрами силы исключительно инструментами дипломатии, сегодня требует жесткого подкрепления внутренними структурными реформами. Для этого необходима комплексная государственная программа адаптации Казахстана к новым глобальным реалиям.



Например, в Вооруженных силах РК долгое время не учитывались современные вызовы, а система обучения оставалась устаревшей. Из-за этого военные учения проводились без применения новых тактических методов и современного снаряжения, что в итоге привело к трагедии на Каспийском море.

В ответ на эти долгосрочные вызовы президент Касым-Жомарт Токаев инициировал масштабную модернизацию армии. В октябре 2026 г. Совет безопасности Казахстана одобрил соответствующий План военной реформы. Программа предусматривает глубокую технологическую трансформацию, создание беспилотных сил и переход на новую двухэтапную модель срочной службы. Этот комплекс мер по адаптации к глобальной нестабильности призван кардинально повысить обороноспособность страны, а также стимулировать инфраструктурное обновление.

Подобные преобразования, наряду с адаптацией к резко меняющейся геополитике и переходом к новой международной экономической модели, должны затронуть все сферы экономики и структуру управления РК. Этот курс был обозначен в Послании президента народу Казахстана «Актуальные задачи Казахстана в новом историческом цикле».

Эпоха глобальной фрагментации требует от Казахстана субъектности: страна должна утвердиться в роли главного логистического, сырьевого и цифрового хаба Евразии. На фоне кризиса на Ближнем Востоке и санкционных войн Транскаспийский маршрут превращается в незаменимую артерию между Азией и Европой.

Создание прибрежных буферных зон

Казахстан крайне уязвим перед изменениями климата, что проявляется в дефиците воды, опустынивании, таянии ледников и регулярных засухах, а также катастрофических наводнениях. Чтобы минимизировать эти риски, государству необходим комплексный подход: от модернизации внутренних ирригационных систем и строгого внедрения водосберегающих технологий в сельском хозяйстве до пересмотра трансграничных водных соглашений с Китаем, Россией и странами Центральной Азии.

Разрушительные наводнения 2024 г. доказали, что местным властям пора системно заняться городской инфраструктурой: модернизировать арычные системы, каналы и дамбы для эффективного вывода талой и дождевой воды за пределы населенных пунктов. Впредь жилые массивы и дороги нужно строить с учетом зон возможного затопления и гидрологических особенностей рельефа, регулярно очищая русла рек и овраги. Кроме того, специалисты должны детально изучить рельеф пострадавших регионов для проектирования новых каналов, водоотводов, водохранилищ и защитных дамб вдоль берегов.

В Казахстане до сих пор нет адекватной реакции на кардинальные изменения климата. Это отчетливо показали масштабные наводнения 2017 и 2024 годов. Эти катастрофы доказали: страну продолжит топить, а отдельные регионы станут зонами постоянных паводков.

В условиях климатического кризиса посадка деревьев и кустарников вдоль рек – создание прибрежных буферных зон – жизненно необходима. Это защитит водные экосистемы, предотвратит стихийные бедствия и сохранит запасы пресной воды.

Вот четыре ключевые причины, почему это важно:

• Защита от наводнений. Из-за климатических изменений осадки стали более резкими и интенсивными. Корни и стебли растений служат надежным барьером, замедляя дождевые и талые воды. Лесная подстилка и развитая корневая система работают как губка: они впитывают излишки влаги и сбивают пик паводков.

• Борьба с эрозией почвы. Резкая смена засух и проливных дождей разрушает берега. Мощные корни деревьев и густые кустарники буквально «сшивают» землю. Это останавливает размыв береговой линии, предотвращая обрушение грунта и заиление речного русла.

• Охлаждение водоемов. Глобальное потепление повышает температуру воды в реках, что губительно для биоты. Кроны деревьев создают густую тень, защищая воду от перегрева. В прохладной воде лучше сохраняется кислород, необходимый для речной фауны.

• Природная фильтрация и полноводность. Сильные ливни смывают в реки токсичные вещества с полей и дорог. Прибрежная растительность задерживает этот грязный сток, работая как эффективный биофильтр. Кроме того, такие зеленые зоны помогают рекам оставаться полноводными даже в периоды засухи.

Нам необходима тотальная ревизия инфраструктуры. Вместо формальных отчетов нужны жесткие строительные нормы, снос ветхого фонда и возведение по-настоящему крепкого жилья. Важно комплексно укреплять плотины, повышать сейсмостойкость зданий и внедрять современные технологии прогнозирования ЧС.

Особый контроль нужен зонам вокруг водоемов и предгорьям. Яркий пример халатности – Алматы, где фактически разрушили уникальную арычную систему, забросив каналы как в самом городе, так и в области. В итоге нормой захвата земли стало строительство жилья в низинах, оврагах и даже на бывших руслах рек. Если не остановить этот хаос, природа продолжит брать свое.

В самом деле, основой комплекса мероприятий по противодействию наводнениям в речных бассейнах являются инженерные решения, обеспечивающие наиболее эффективную защиту от паводков. К ним относятся строительство плотин, создание водохранилищ и защитных дамб, регулирование стока, увеличение пропускной способности речного русла, а также сооружение обводных каналов.

Сложившаяся ситуация требует, чтобы правительство РК инициировало создание экспертно-аналитических центров для изучения глобальных изменений, выработки рекомендаций и принятия специальной программы. Эта программа должна включать меры по защите от наводнений, землетрясений, засухи и опустынивания, налаживанию выпуска необходимой при катаклизмах техники, а также по переселению жителей из опасных зон.

АПК в современный условиях

В экономической сфере фокус внимания необходимо сместить на устойчивое развитие и снижение климатических рисков. В агропромышленном комплексе первоочередными задачами являются обеспечение продовольственной безопасности, внедрение засухоустойчивых культур и субсидирование адаптивных технологий для защиты фермеров от участившихся засух.

Инфраструктурный сектор требует перепроектирования дорог, мостов и городских систем с инженерным расчетом на экстремальные погодные явления (паводки, сели, аномальную жару). В энергетике необходим постепенный переход к снижению углеродного следа: это позволит сохранить доступ к европейским рынкам в условиях введения углеродных налогов, несмотря на текущую зависимость экономики от угля.



Эти вызовы требуют ускоренной перестройки не только тяжелой промышленности, но и науки, медицины, а также институтов управления. Вместо устаревшей сырьевой модели необходимо повсеместно открывать разнонаправленные производства, в кратчайшие сроки мобилизовав силы для выпуска востребованных товаров – от текстиля до машиностроения.

В условиях глобальной турбулентности ключевым фактором стабильности АПК становится кооперация сельскохозяйственных производителей. В этом плане может быть полезен исторический опыт крупных хозяйств, чьи механизмы организации и масштабирования применимы и сегодня, но уже на принципах рыночной интеграции и поддержки частных фермеров.

Отгонное животноводство и нагул скота, широко применявшиеся в советское и досоветское время, доказали свою высокую рентабельность при грамотном осуществлении. Конечно, речь идет не о «чистом» отгонном животноводстве, а о его комбинированной модели, использовавшейся в советский период в регионах с дефицитом кормов, – сочетании отгонного содержания со стойловым, особенно в зимний период.



В районах с высоким потенциалом отгонного животноводства необходимо внедрять мероприятия по улучшению техники отгона, сокращению нерациональных перегонов и строительству животноводческих отделений на удаленных пастбищах. Естественно, это должно сопровождаться травосеянием и посевом фуражных культур.

Важным шагом должно стать создание предприятий по переработке сельхозпродукции: молочных и колбасных цехов, маслозаводов, линий консервирования овощей и фруктов. Параллельно требуется открытие профильных учебных заведений в районных центрах, развитие смежного бизнеса, а также внедрение эффективной системы кредитования крестьян, включая товарные кредиты в виде скота.

На основе кооперации необходимо наладить работу сельских предприятий по обработке кожи и производству кожаных изделий, а также мини-заводов по переработке шерсти. Это не только простимулирует появление новых объектов малого и среднего бизнеса на селе, но и остановит контрабандный вывоз сырья в Китай и Россию. Сегодня тысячи тонн заготавливаемой грубой шерсти остаются невостребованными и просто гниют. Назрела необходимость приблизить условия сельской жизни к городским стандартам, чтобы остановить миграцию жителей в города.



Дастан ЕЛДЕС

ИНИЦИАТИВЫ, ОПРЕДЕЛЯЮЩИЕ БУДУЩЕЕ

Глава государства Касым-Жомарт Токаев выступил с очередным Посланием народу Казахстана «Актуальные задачи Казахстана в новом историческом цикле».

Это программный документ, определяющий векторы развития нашей страны в новую эпоху – об этом говорится в статье в «Казахстанской правде». Если учесть, что это первое Послание Президента после принятия новой Конституции и полного обновления политической системы, то его историческое значение и ответственность за реализацию поставленных задач приобретают особую значимость.

Глава государства ставит перед новыми политическими институтами конкретную задачу – обеспечить качественную и неукоснительную реализацию начатых реформ.

В центре внимания Президента неизменно остаются человек, благополучие граждан и развитие регионов. И на этот раз каждый казахстанец может найти в Послании наиболее актуальные для себя решения. Самое главное – Послание придает новый импульс системной и интенсивной работе всех государственных и общественных структур на благо нашей страны.

В своем Послании народу Президент открыто поднял проблемные вопросы, которые долгое время оставались нерешенными, и дал на них конкретные ответы. Несомненно, это станет прочной основой для успешного и устойчивого развития нашей страны на долгие годы вперед. В этом сходятся мнения всех фракций Курултая.

Депутаты Курултая единогласно поддержали инициативы, изложенные в Послании, особо отметив актуальность реформ Президента. В свою очередь, депутатский корпус готов приложить все усилия для качественного и своевременного выполнения всех поручений Главы государства. При этом особое внимание будет уделено широкому разъяснению обществу содержания Послания и объединению граждан вокруг общих целей для его реализации.

Нынешнее Послание имеет огромное значение и особую миссию. Уже сейчас мы создаем новую гражданскую инфраструктуру, строительные работы охватывают все регионы страны. Как отметил Президент, Казахстан превратится в одну большую строительную площадку. В этой связи следующий год Глава государства объявил Годом всенародного масштабного строительства. Кроме того, наша страна целенаправленно делает смелые шаги к созданию народной цифровой экономики.



Обозначенные выше цели и задачи возлагают огромную ответственность и на депутатский корпус. Депутаты Курултая должны находиться на переднем крае реализации масштабных преобразований, предложенных Президентом. В этой связи мы обеспечим всестороннее законодательное сопровождение президентских инициатив.

Глава государства поручил соблюдать баланс между накоплением ресурсов Национального фонда и их использованием, направляя средства исключительно на цели, приносящие максимальную пользу обществу. Этот вопрос будет находиться на особом контроле депутатов Курултая.

Особое внимание в Послании уделено развитию логистической инфраструктуры. Президент поручил создать единую современную сеть железных и автомобильных дорог, которая свяжет все регионы Казахстана и укрепит транзитный потенциал страны. Это стратегическая задача. Комитет Курултая по региональному и инфраструктурному развитию приложит максимум усилий для качественной и своевременной реализации данной инициативы.

Следующее важное направление – энергетика. Эта отрасль также имеет ключевое значение для обеспечения конкурентоспособности и экономической независимости нашей страны. Президент поставил задачу к 2029 году выйти на уровень производства электроэнергии с устойчивым профицитом. Наряду с модернизацией действующих электростанций он остановился и на строительстве новых объектов, в том числе с использованием альтернативных источников энергии. Депутатский корпус приложит усилия для законодательного обеспечения мер в этом направлении.



Сельское хозяйство – одна из ключевых отраслей нашей страны. В Послании этому направлению также уделено особое внимание. Глава государства подчеркнул необходимость дальнейшего динамичного развития сельского хозяйства, сделав особый акцент на глубокой переработке сельскохозяйственной продукции. Мы будем реализовывать эту задачу совместно с Правительством.

Новый город Алатау придаст дополнительный импульс развитию нашей страны. Он должен стать привлекательным для инвестиций и развития предпринимательства. Для этого необходимы понятная законодательная основа и эффективная судебная система. Глава государства поручил внести соответствующие поправки в Конституционный закон

«О специальном правовом режиме города Алатау». Депутаты Курултая совместно с Правительством в кратчайшие сроки внесут указанные поправки.

Малый и средний бизнес – движущая сила экономики страны. Глава государства поручил совершенствовать механизмы привлечения субъектов малого и среднего бизнеса к участию в закупках государственных органов и квазигосударственных компаний. Депутатам Курултая совместно с Правительством поручено рассмотреть возможность введения трехлетнего моратория с 1 января 2027 года. Профильные комитеты Курултая всесторонне проанализируют положительные и отрицательные стороны предыдущего моратория и предложат соответствующее решение.

Банковский сектор – кровеносная система экономики. Его роль особенно важна в создании цифровой экономики на основе искусственного интеллекта. В этой связи необходимо активизировать долгосрочное кредитование ключевых отраслей. Особое значение имеет расширение возможностей рынка капитала. Глава государства поручил включить конкретные механизмы повышения эффективности этого направления в разрабатываемый Закон «О рынке капитала».

Перед Курултаем поставлена задача совместно с Правительством внести предложения по совершенствованию Налогового кодекса. При этом особое внимание следует уделить обеспечению прозрачности и справедливости налоговой системы на основе цифровых технологий, а также устранению имеющихся противоречий. Кроме того, необходимо совершенствовать бюджетное законодательство. Это позволит повысить эффективность использования государственных средств, качество планирования и управления бюджетными финансами.

Следующая задача – принятие нового Гражданского кодекса. Действующий Гражданский кодекс полностью выполнил свою историческую миссию. Он заложил основу к формированию основных институтов





рыночной экономики, закрепил принципы собственности и создал условия для развития предпринимательства. Новый Гражданский кодекс должен обеспечить правовую стабильность, необходимую для эффективной деятельности предпринимателей, инвесторов и граждан.

В целях исполнения поручений Главы государства в сфере социальной поддержки будут приняты меры по развитию инклюзивного образования, повышению статуса медицинских работников и увеличению их заработной платы. Особое внимание будет уделено защите авторитета и престижа педагогов.

Глава государства, учитывая текущую социально-экономическую ситуацию, принял очень важное решение. Начиная со следующего года минимальная заработная плата будет повышена с 85 тысяч до 110 тысяч тенге.

Это важная социальная мера, направленная на повышение доходов граждан. Этим шагом Президент еще раз продемонстрировал, что благополучие народа для него является первоочередным приоритетом. Данное решение станет существенной поддержкой для граждан с низкими доходами и создаст благоприятные условия для планирования семейного бюджета.

В своем Послании Президент призывает государственные институты и все общество работать во имя будущего. Глава государства поручил разработать документ, охватывающий долгосрочные приоритеты развития страны.

В дальнейшем Курултай совместно с Правительством разработает конкретный план законопроектной работы с установлением четких сроков по каждому закону. Каждая норма новых законов будет направлена на конкретное решение задач, поставленных Президентом. Мы в полной мере используем право законодательной инициативы.

Мы предложим соответствующие решения по вопросам, поднятым в Послании. Для этого Курултай должен стать действенной диалоговой площадкой для профессионального обсуждения новых законопроектов. При этом особая ответственность возлагается на Общественную палату при Курултае.

В составе Курултая представлены депутаты пяти политических партий, граждане, обладающие профессиональным опытом в различных сферах. Среди нас немало креативной молодежи, предпринимателей, юристов и экономистов. Поэтому депутаты должны стать главной движущей силой в разъяснении и популяризации Послания.

В ближайшее время группа депутатов с этой целью выедет в регионы. Мы проведем встречи с трудовыми коллективами, обменяемся мнениями с молодежью, предпринимателями и представителями сельскохозяйственной отрасли.

Наша общая задача – не только подробно разъяснить гражданам Послание Президента, но и сплотить общество вокруг обозначенных в нем целей и задач.



Президент поставил перед нами конкретные стратегические задачи по развитию государства и модернизации общества. Теперь необходимо приступить к их реализации уже сегодня, оперативно и без промедления. Это потребует от всех нас высокой ответственности и слаженной работы.

Айбек ДӘДЕБАЙ, председатель Курултая Республики Казахстан

Дипломатия «бархатных» тисков

сможет ли Вашингтон заставить Центральную Азию играть по своим правилам?

19 октября в Самарканде состоялась встреча министра иностранных дел США Марко Рубио с коллегами по Центральной Азии. Помимо этого, Рубио прибыл в Самарканд не просто на министерскую встречу формата С5+1: госсекретарь США привёз с собой делегацию предпринимателей. Это делает визит не «региональной прогулкой», а частью более широкой американской стратегии – закрепиться в пространстве между Китаем, Россией и Ираном че-рез торговлю, критические минералы, энергетику и безопасность. Какие еще вопросы и под-водные камни могут скрываться за визитом, попытался проследить Ulysmedia.kz.

«Новая эра»

Самарканд в этой истории – не декорация. Это узел, где сходятся старые торговые пути и новые логистические коридоры, где США пытаются превратить Центральную Азию из «заднего двора» Евразии в самостоятельное направление своей политики.

Формула С5+1 – США плюс Казахстан, Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан и Узбекистан – относительно давно существует, но визит Рубио придаёт ей необычную плот-ность: рядом с дипломатами оказались сотни бизнесменов. Госдепартамент прямо называет это «историческим визитом» и говорит о «новой эре» торгового сотрудничества.

Продолжение бэкграунда

Центральная Азия богата ресурсами, но долго оставалась для Вашингтона периферией – территорией, о которой вспоминали, когда речь заходила о выводе войск из Афганистана или о противодействии России и Китая. Сейчас администрация Трампа представляет регион как стратегически важное пространство между Китаем, Россией и Ираном.

В ноябре прошлого года Дональд Трамп принимал лидеров С5 в Белом доме, Казахстан тогда согласился присоединиться к Авраамским соглашениям.

Что обсуждается на С5+1

При этом у США есть и практический интерес: регион обладает редкоземельными и критически важными минералами, а Вашингтон стремится диверсифицировать цепочки по-ставок и уменьшить зависимость от Китая. Один из центральноазиатских дипломатов, цити-руемых Reuters, отметил, что коммерческие усилия американской администрации сосредото-чены именно на расширении доступа к редкоземельным ресурсам региона.



Официальная повестка самаркандской встречи – стратегическое сотрудничество, реги-ональная стабильность, торговля, инвестиции, критические минералы и безопасность. Гос-департамент заявляет, что формат должен содействовать «более мирному и процветающему будущему» США и стран Центральной Азии.

Помимо этого, критические минералы. Речь идёт о добыче, переработке и, вероятно, о создании более прозрачных и устойчивых цепочек поставок – тема, которая связывает Цен-тральную Азию с американской промышленной политикой.

Способ альтернативы

Конечно же, энергетика и логистика. Регион интересен как потенциальный участник маршрутов, связывающих Каспий, Южную Азию и Европу; для США это способ поддержать альтернативы российским и китайским транспортно-энергетическим каналам.



Региональная безопасность. В повестке – стабильность границ, противодействие тер-роризму и экстремизму, а также вопросы, связанные с соседством Афганистана и Ирана.

Две части одной конструкции

Между тем маршрут Рубио выдаёт масштаб замысла. После Самарканда он едет в Ин-дию, там тоже в повестке – стратегическое партнёрство, энергетика и инвестиции.

- Визиты высокого уровня из Вашингтона по маршруту Центральная Азия – Индия подчеркивают стремление США перестроить цепочки поставок в Евразии. Вашингтон пыта-ется выстроить устойчивый каркас, который связал бы богатый ресурсами регион с расту-щим гигантом Индией, создавая противовес пекинской экспансии, - комментирует профес-сор стратегических исследований (Нью-Дели) Брахма Челлани.

Иными словами, Самарканд и Индия – две части одной конструкции: Центральная Азия рассматривается как ресурсный и транзитный север, Индия – как крупный рынок, энергетический партнёр и противовес китайскому влиянию в Южной Азии.

Санкции против России: предел возможного

Но все перечисленное выше – это официальная повестка. Нас больше интересует то, что останется не для прессы и в кулуарах.

Один из самых деликатных вопросов – соблюдение санкций против России. Все пять государств С5 сохраняют глубокие исторические, экономические и логистические связи с Москвой; западные официальные лица ранее утверждали, что через регион происходили по-ставки в Россию и из России, нарушающие американские и европейские ограничения.

Ослабили позицию

Но, тем временем, здесь США сами ослабили собственную переговорную позицию. В октябре Трамп договорился с Москвой об импорте российского дизельного топлива, а затем отменил положения закона, позволявшие вводить крупные тарифы против стран, покупаю-щих российскую нефть или помогающих Москве обходить санкции. Среди стран, которые могли быть затронуты, эксперты называли Индию и Казахстан.

Поэтому говорить о том, что Рубио сможет «резко ужесточить» линию региона по санкциям, было бы преувеличением. Более реалистичный сценарий – не публичный ульти-матум, а адресная работа: обмен информацией о серых схемах, давление на конкретные бан-ки, логистические и таможенные каналы, требования по двойному назначению товаров и параллельному импорту.

«Бархатные тиски»

Удастся ли Рубио добиться ужесточения позиции стран ЦА в отношении соблюдения санкций против РФ?

На наш взгляд, прямого публичного закручивания гаек не будет. Для стран Централь-ной Азии Россия остаётся крупнейшим, не считая Китая, торговым партнером и гарантом трудовой миграции. А Рубио не ставит ультиматумов публично, чтобы не загнать партнеров в угол. Вместо этого США используют метод «бархатных тисков»: предлагают расширенную техническую помощь банковским секторам, внедряют системы цифрового отслеживания грузов и предлагают финансовые «компенсационные пакеты» за отказ от сомнительных схем параллельного импорта.

Голоса вокруг встречи

Напомним, госсекретарь Рубио перед отъездом из Вашингтона заметил, что диплома-тия слишком часто сосредоточена на кризисах, а не на долгосрочных отношениях.

– Мы открываем новую главу торгового и инвестиционного партнерства с Центральной Азией. США привозят сюда не просто капитал, а высокие технологии, стандарты про-зрачности и долгосрочные рабочие места, которые позволят странам региона укреплять свою экономическую независимость, – заявил Рубио перед вояжем.

Это ключевая рамка его поездки: Самарканд подаётся не как реакция на очередной по-жар, а как инвестиция в будущую архитектуру влияния.

Наконец, сам Госдепартамент задаёт официальный тон: визит должен «открыть новую эру укреплённого коммерческого сотрудничества» США и Центральной Азии.

Главный итог визита будет виден не в итоговом коммюнике, а в том, появятся ли после Самарканда конкретные инвестиционные проекты, соглашения по минералам и энергетике, а также более чёткие правила игры по санкционному комплаенсу. Если да – Самарканд ста-нет не просто красивой остановкой на карте, а новой точкой опоры американской политики в Евразии. Если нет – регион вновь останется пространством, где великие державы произно-сят речи о партнёрстве, а решения по-прежнему принимаются с оглядкой на Москву и Пе-кин.



Вне контекста

Вне контекста С5+1 позволим себе немного прояснить характер чисто американо-узбекских встреч. Самаркандский бизнес-десант американцев на узбекскую землю ставит конкретные и жесткие экономические интересы:

Редкоземельный альянс и недра: Штатам жизненно необходим доступ к узбекским запасам урана, меди, золота и редкоземельных элементов. Вашингтон стремится заключить прямые соглашения о разведке и добыче, чтобы ослабить монопольные позиции пекинских и московских игроков.

Цифровая инфраструктура и IT: Внедрение американских технологических решений в банковский, энергетический и телекоммуникационный секторы Узбекистана. Это не только вопрос бизнеса, но и цифровой архитектуры безопасности: Вашингтон пытается вытеснить китайское оборудование из критических узлов связи.

Энергетический транзит и зелёная трансформация: Модернизация энергосетей Узбеки-стана и инвестиции в локализацию производства элементов для возобновляемой энергетики.

И, как стало известно, Марко Рубио объявил о том, что в Самарканде заключены сдел-ки на миллиарды долларов в интересах Узбекистана и США.



Между тем в древнем узбекском городе Рубио и его казахский коллега Тлеуберди обсу-дили торговлю, инвестиции и дальнейшее сотрудничество двух стран. Во время переговоров стороны затронули и подготовку к предстоящему саммиту G20 в Майами. Как сообщили в МИД РК, Рубио подтвердил заинтересованность в полноценном визите в Казахстан после этого мероприятия. И теперь остается только дождаться этого визита и посмотреть, сколько американских бизнесменов привезёт Рубио в Казахстан и так же ли будут заключены сделки на «миллиарды долларов». Ведь не секрет, что, хотя РК и РУ считаются дружественными и братскими странами, некая скрытая ревность к экономическим и иным успехам друг друга все же присутствует.

Усиление позиций

В любом случае, визит Марко Рубио в Самарканд – это наглядная демонстрация совре-менной геополитической механики. США не приехали ломать сложившийся в регионе ба-ланс через колено – они пытаются перекупить его элементы с помощью инвестиций, бизнес-делегаций и технологических посулов.

Удастся ли Вашингтону полностью заблокировать обходные санкционные каналы? Ед-ва ли. Страны Центральной Азии довели искусство дипломатического канатоходства до со-вершенства. Они с готовностью подпишут меморандумы с 200 американскими бизнесмена-ми, но не станут сжигать мосты с соседями. Самаркандские встречи покажут, что сердце Азии окончательно превратилось из объекта чужого влияния в самостоятельный, прагматич-ный и весьма требовательный центр торга.

Страны ЦА не выбирают одного покровителя вместо другого - они торгуются за про-странство для манёвра. И визит Рубио усиливает их переговорную позицию, но не отменяет географическую реальность.

Малик ДЖУРСУНБЕК (в сокращении)

Вместо диверсификации экономики Казахстан получил диверсификацию сырьевых товаров

Эксперт поднял вопрос об экономической политике страны.

«Пока мы не увидим реальную инфляцию ниже 13,5%, о дальнейшем снижении ставки можно пока мечтать», - Алмас Чукин

В материале издания «Ручная экономика» рассказывается о том, что на Kazakhstan Growth Forum 2026 экономист Алмас Чукин предложил посмотреть на происходящее с казахстанской экономикой не через привычную дискуссию о необходимости диверсификации, а через изменения мировой экономической модели. По его словам, Казахстан оказался в довольно необычной ситуации: страна по-прежнему сильно зависит от сырья, но сейчас эта зависимость работает не только через нефть.

«Мы опять вступаем в полный суперцикл сырьевых товаров», — отметил Чукин.

По его словам, прежние разговоры о диверсификации казахстанской экономики в определенной степени переоценивали возможности быстрого ухода от сырьевой модели. Казахстан, считает экономист, обладает особенностями, которые позволяют ему сохранять такую модель дольше, чем принято считать.

В качестве примера он приводит Канаду — крупную развитую сырьевую страну, которую при этом никто не воспринимает как слабую или неразвитую экономику. В этом смысле, убежден Чукин, Казахстан сейчас оказался в благоприятном для себя цикле.

Но здесь возникает парадокс. Страна действительно наращивает экспорт, однако его структура по-прежнему в значительной степени определяется сырьевыми товарами.



«Вместо диверсификации общей мы получили диверсификацию сырьевых», — констатировал Чукин.

Именно это, по его мнению, сегодня важно учитывать при оценке казахстанской экономики. Речь идет не столько о полном отказе от сырьевой модели, сколько о том, что внутри нее меняется набор товаров, которые формируют экспорт и обеспечивают приток валюты.

Нефть дала меньше объема, но больше денег

Чукин обратил внимание и на динамику нефтяного экспорта. За первое полугодие, по его словам, Казахстан увеличил экспорт примерно на $16 млрд. При этом физический объем экспорта нефти сократился на 8%.

Однако снижение физических объемов не привело к аналогичному сокращению экспортной выручки.

«По нефти вообще забавная вещь. Мы потеряли 8% объема. Но благодаря иранской войне мы за счет цены выиграли», — заметил экономист.

Таким образом, ценовая конъюнктура компенсировала снижение физических объемов. Для Казахстана, где нефть остается одним из ключевых экспортных товаров, это означает, что итоговые показатели внешней торговли могут выглядеть значительно лучше, чем можно было бы предположить только по динамике физических поставок.

Именно поэтому, считает Чукин, сегодняшние экономические показатели нельзя рассматривать исключительно как результат внутренних изменений. На них существенно влияет внешняя конъюнктура — прежде всего цены на сырьевые товары.

Экономист также рассказал об одном рекорде: в этом году случилось одно из рекордных отклонений бюджетной цифры от факта. В бюджет, исходя из прогнозного подхода, заложили 540 (средний курс в 2025 году был 521.5). А сейчас по итогу 9 месяцев мы имеем среднюю около 477 – отклонение 12%. Вроде как бы должно было быть выше 500, а как-то так вышло, что и ниже 450 видели. Ну, кто же знал, что Ормузский пролив будет стоять и нефтяные объекты будут гореть. У нас тут пока 8–9% снижение добычи нефти по сравнению с рекордным 2025-м, когда мы чуть-чуть недотянули до 100 млн тонн, но по деньгам, зато мы получили больше за счёт роста цен.



Кроме того, крепкий тенге – меньше инфляция. Ниже инфляция – ниже индексация. Тут по времени не всё совпадает, инфляция снижается сейчас, доходы бюджета чуть не догоняют сейчас, но завтра не надо будет так сильно индексировать расходы бюджета в виде пенсий и социальных пособий. Меньше денег в экономике и, возможно, инфляция ещё поостынет. Людям от этого только лучше.

Казахстан пока защищает низкий уровень технологичности

При этом Чукин упомянул и на другую сторону нынешней ситуации. Казахстан пока не настолько технологически развит, чтобы глобальные технологические потрясения в полной мере отражались на его экономике.

«К счастью, мы еще достаточно технологически не развиты»,- сказал он.

В его логике это не оценка уровня развития страны как такового, а описание структуры экономики и ее уязвимости перед происходящими в мире изменениями. Чем глубже экономика встроена в технологические цепочки и чем выше ее зависимость от сложных производственных систем, тем больше каналов, через которые глобальные потрясения могут передаваться на внутренний рынок.



Для Казахстана, по словам экономиста, этот эффект пока относительно ограничен.

Глобализация заканчивается, но регионализация идет не так

Еще один процесс, который Чукин считает принципиально важным для будущего мировой экономики, — изменение самой модели глобализации.

Раньше, говорит он, было принято ожидать перехода от глобализации к регионализации: страны будут объединяться в более компактные экономические блоки, прежде всего вокруг дружественных и политически близких государств.

Но нынешние события показывают, что даже такой сценарий оказывается сложнее.

«Мы идем даже не к регионализации», — утверждает Чукин.

В качестве примера он приводит отношения США и Канады — двух государств, которые традиционно относятся к числу наиболее близких партнеров. Даже между такими странами возникают серьезные экономические и политические разногласия. Поэтому, считает экономист, происходящие изменения нельзя свести только к простому переходу от глобальной экономики к нескольким устойчивым региональным блокам.

«То, что мы сейчас видим, — даже дружественные страны не очень дружат сильно», — уточнил он.

Что именно в итоге возникнет вместо прежней модели глобализации, по мнению Чукина, пока окончательно не определено. Очевидно лишь, что прежняя система международных экономических связей меняется, причем не обязательно по тому сценарию, который еще несколько лет назад казался наиболее вероятным.



Главный вызов не кризис, а скорость изменений

Отдельно Чукин говорит об искусственном интеллекте и технологической перестройке бизнеса. Здесь его позиция отличается от классического пессимистичного сценария: он предлагает не паниковать из-за происходящих изменений, а смотреть на них как на новый этап конкуренции.

«Когда меня спрашивают, ты пессимист или оптимист по поводу реалий и искусственного интеллекта, я говорю: я не паникую», — пошутил он.

Проблема, по его словам, заключается не столько в том, что искусственный интеллект одномоментно уничтожит существующие компании и рабочие места. Гораздо важнее скорость, с которой отдельные компании и целые отрасли будут адаптироваться к новой технологии.

Чукин приводит горизонт в три года. Если компания за этот период не перестроит свои процессы с учетом изменений, которые происходят у конкурентов в том же секторе, она рискует проиграть именно в конкурентной борьбе.

«Если в течение трех лет компания не перестроится на своих коллег по сектору, конкуренция победит», — отметил экономист.

То есть технологическая трансформация, в его трактовке, становится не отдельным IT-проектом и не вопросом выбора между использованием и неиспользованием искусственного интеллекта. Она превращается в фактор конкурентоспособности бизнеса.

А что будет через шесть лет?



Но три года только первый горизонт изменений. Даже если компании смогут адаптироваться к нынешнему технологическому сдвигу, следующий вопрос будет еще сложнее.

«Но это первый шаг. Допустим, мы с этим справимся. Дальше будет лучше. Глядя на вот эти триллионные инвестиции. А что произойдет через шесть лет?» — задается вопросом Чукин.

Именно здесь, по сути, заканчивается разговор о сегодняшней конъюнктуре и начинается вопрос о следующем этапе экономической трансформации.

Казахстан сейчас получает выгоду от нового сырьевого цикла, несмотря на продолжающуюся зависимость от экспорта сырья. Снижение физических объемов нефтяного экспорта пока компенсируется ценой. Низкая технологическая насыщенность экономики одновременно ограничивает ее восприимчивость к некоторым глобальным потрясениям. А мировая система торговли и производства постепенно перестраивается — причем не обязательно просто в сторону региональных блоков.

На этом фоне Чукин предлагает смотреть не только на то, что происходит с экономикой сегодня, но и на скорость следующего изменения. Потому что адаптация бизнеса к искусственному интеллекту может оказаться лишь первым этапом гораздо более масштабной перестройки, последствия которой проявятся уже за пределами привычного трехлетнего горизонта.

Бану НАЗАР

№43-44 (1224) 26.10.2026

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ҮЛЕС ҚОСҚАН ТҰЛҒА



Тарихқа үңілген сайын жаңа есімдер мен тың деректерге тап болып, өткеннің ақтаңдақ беттері біртіндеп ашыла түседі. Солардың бірі – қоғам қайраткері, журналист Зарап Темірбековтің өмірі мен қызметіне қатысты деректер. Биыл 6 қарашада Зарап Темірбековтің туғанына 120 жыл толады. Осы айтулы күнге орай Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Ғылым ордасы» РМК ұйымдастыруымен «Зарап Темірбеков: дәуір шындығы және тұлға тағдыры» атты дөңгелек үстел өткелі отыр.

Көкшетау өңірінде дүниеге келген Зарап Мұсаұлы жастайынан білімге ұмтылып, Петропавл педагогикалық техникумында, кейін Мәскеудегі журналистика институтында оқыды. Қоғамдық қызметке ерте араласып, еліміздің бірқатар өңірінде жауапты міндеттер атқарды.

Зарап Темірбековтің қоғамдық қызметі ел өміріндегі аса күрделі тарихи кезеңмен тұспа-тұс келді. Ол еңбек жолын жастар қозғалысынан бастап, Петропавл, Ақтөбе және Жетісу өңірлеріндегі комсомол комитеттерінде жауапты қызметтер атқарды. Кейін Атбасар мен Ақмола өңірлеріндегі партия органдарында, Қарағанды облыстық комсомол комитетінде еңбек етіп, жастарды білімге, еңбекке және қоғамдық белсенділікке жұмылдыру ісіне атсалысты. Қайраткер қоғамдық жұмысты журналистік қызметпен ұштастыра білді. Ол баспасөз арқылы елдің әлеуметтік-саяси мәселелерін көтеріп, халықтың мұң-мұқтажын жеткізуге және жаңа буынның көзқарасын қалыптастыруға күш салды. Зарап Темірбеков үшін баспасөз тек ақпарат тарату құралы емес, қоғамды ағартудың, елдік мүддені қорғаудың және жұртты ортақ мақсатқа жұмылдырудың пәрменді мінбері болды.

Қазақ баспасөзінің ғасырдан асқан шежіресіне көз жүгіртсек, оның айтулы белестерінен Зарап Темірбековтің есімі мен қолтаңбасын көреміз. Ол қазіргі «Жас Алаш» газетінің бұрынғы атауы – «Лениншіл жасқа» басшылық етіп, «Егемен Қазақстанның» негізі болған «Еңбекші қазақта» әдеби қызметкер, ал қазіргі «Ақиқат» журналының бұрынғы атауы – «Қазақстан большевигінде» редактордың орынбасары қызметін атқарды. Осы басылымдардағы қажырлы еңбегі арқылы Зарап Темірбеков ұлттық журналистиканың өркендеуіне үлес қосып, қазақ баспасөзінің тарихында өшпес із қалдырды.

Зарап Мұсаұлы «Жаңа өмір», «Жанталас» шығармаларын жазып, көркем аударма саласында да өнімді еңбек етті. Алайда елге қызмет етуді мұрат тұтқан қайраткердің ғұмыры саяси қуғын-сүргіннің қасіретті жылдарында мезгілсіз үзілді. Ол 1937 жылы жазықсыз жаланың құрбаны болып, қудалауға ұшырап, 1938 жылы ату жазасына кесілді. Ақиқаттың ақ таңы араға жиырма жыл салып қана атып, 1958 жылы оның есімі толық ақталды.

Іс-шара қарсаңында қатысушылармен тілдесіп, Зарап Темірбековтің өмірі мен мұрасына қатысты жиында көтерілетін өзекті мәселелер жөніндегі пікірлерін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

Нұрлан Сейдин, ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК бас директоры, тарих ғылымдарының кандидаты:

– Іс-шараның мақсаты – қоғам қайраткері, журналист Зарап Мұсаұлы Темірбековтің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін тарихи тұрғыдан зерделеу, оның тағдырын саяси қуғын-сүргін кезеңіндегі оқиғалармен сабақтастыра қарастыру, тарихи деректер негізінде қазақ зиялыларының қоғамдық қызметі мен рухани мұрасын таныту, сондай-ақ саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін жаңғыртуға қатысты мәселелерді талқылау. Зарап Темірбековтің өмір жолы арқылы біз бір азаматтың тағдырын ғана емес, XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ қоғамы бастан өткерген күрделі кезеңдерді де танимыз. Бұл жиынның мәні өткенге құрмет білдірумен ғана шектелмейді. Қайраткердің баспасөз беттерінде жарияланған еңбектерін жинақтау, әдеби туындыларын зерделеу, шығармашылық мұрасын жас ұрпаққа таныстыру – алдағы ізденістерге арқау болатын маңызды міндеттер. Осы бағыттағы зерттеулерге серпін беру, оның есімін ұлықтауға қатысты келелі мәселелердің шешім табуына ықпал ету, қайраткердің көшеге есімін беру мәселесін қайта қарастыру, Зарап Темірбеков атындағы жас тілшілер байқауын ұйымдастыру және оның мұрасын жүйелі түрде насихаттау – алдағы уақытта атқарылуға тиіс маңызды жұмыстар.

Еркін Стамшалов, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы:

– Қазақстанның кеңестік кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихына қатысты зерттеулердің ауқымды бір бөлігін XX ғасырдың бірінші жартысында шаруашылықты кеңестік үлгіде қайта құрумен сабақтаса жүрген әлеуметтік күйзелістер мен жаппай жазалау науқандары құрайды. Соңғы жылдары Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның қызметі аясында құпиясыздандырылып, ғылыми айналымға енгізілген құжаттар бұрын айтылмай келген бірқатар маңызды тақырыпқа сәуле түсірді. Құжаттардың қолжетімсіз болуынан туындаған тарихи мифтердің астарын ашу нәтижесінде қоғамдық-саяси даму тарихында орны бар қайраткерлердің ғана емес, тұтас империяны қамтыған алапат саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған қарапайым адамдардың өмірі мен тағдырына қатысты деректер де толыға түсті. Бұл құжаттар сталиндік жаппай жазалау науқандарының алғышарттарын, жүзеге асырылу тетіктері мен аймақтық ерекшеліктерін саралауға мүмкіндік береді.

Ақлима Омарова, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Музыкатану» бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор:

– Бір әулеттің өкілдері – әкесі Зарап Мұсаұлы Темірбеков пен қызы Алма (Қайрат) Зарапқызы Темірбекованың өмірі мен шығармашылық қызметіндегі рухани сабақтастықты зерделеу қай кезеңде де өзекті. Әртүрлі күрделі әрі қайшылықты жағдайда өткен олардың өмір жолдары өзара терең үндестік тапты. Дәуірдің саяси, идеологиялық, көркемдік және мәдени сипаты олардың жеке болмысынан – өмірлік ұстанымынан, кәсіби қызығушылықтарынан, жұмыс қағидаттары мен еңбектерінің нәтижелерінен қайталанбас әрі қоғамдық мәні зор көрініс тапты. Айрықша парыз бен жауапкершілік сезімі, риясыздық пен жанқиярлық, ой-ниет пен мақсаттың тазалығы, ашықтық, ұстанымға беріктік және адалдық – уақыт алшақтығына қарамастан, З.М.Темірбеков пен А.З.Темірбекованың тағдырларындағы мағыналық сабақтастық пен ішкі тұтастықты айқындаған қасиеттер. Дүниетанымнан, өз миссиясын түсінуден және шығармашылық «менінен» көрініс тапқан мұндай рухани туыстық барлық қиындыққа қарамастан көрініс тауып, кейінгі ұрпақ жадында сақталуы тиіс».

Жайдаргүл Қазыбекова, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының доценті, өнертану ғылымдарының кандидаты:

– Қуғын-сүргінге ұшыраған қоғам қайраткері Зарап Темірбековтің қызы, Қазақстан музыкатану мектебінің көрнекті өкілі Алма Зарапқызы Темірбекованың өмірі мен ғылыми мұрасы музыкатану саласы үшін ерекше қызығушылық тудырады. Балалық шағында ата-анасынан ажырап, балалар үйінде тәрбиеленгеніне қарамастан, ол өзін ғалым әрі педагог ретінде таныта білді. Бүкіл кәсіби ғұмырын қазақтың музыкалық мұрасын зерттеу мен сақтауға арнап, аймақтық этномузыкатанудың қалыптасуына елеулі үлес қосты. Өкінішке қарай, оның еңбегі әлі де лайықты бағасын толық алған жоқ. Маңызды дереккөздердің бірі – 2013 жылы жарық көрген «Тағдырлар / Судьбы» тарихи-өмірбаяндық жинағы. Ондағы мұрағат құжаттары, ғылыми еңбектер мен замандастарының естеліктері Алма Темірбекованың кәсіби қызметін XX ғасырдағы тарихи сілкіністер аясында ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Ерден Нұрахмет, Талдықорған қаласындағы №29 орта мектеп-лицей мұғалімі, «Алаштың Ақ жолы» жалпыұлттық байқауының жеңімпазы:

– Сталиндік саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, журналист, публицист әрі драматург Зарап Темірбеков небары 31 жасында жазықсыз ату жазасына кесілді. Оның қысқа ғұмырында қазақ баспасөзі, әдебиеті мен театр өнерінің дамуына қосқан үлесін деректерді жинақтап, ғылыми айналымға енгізу арқылы қайраткердің ұлт руханиятына сіңірген еңбегі мен тұлғалық болмысы жан-жақты ашыла түспек. Зарап Темірбековтің қуғын-сүргінге ұшырауы, оның отбасын шарпыған қасірет және араға жылдар салып ақталуы – тоталитарлық жүйенің бір адамға ғана емес, тұтас әулетке, ұлттың рухани дамуына салған ауыр жарасының айқын көрінісі».

Гаухар Мұқашева, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Музыкатану» бөлімінің ғылыми қызметкері, өнертану ғылымдарының магистрі:

– «1937 жылы Зарап Темірбеков «халық жауы» деген жалған айыппен тұтқындалып, 1938 жылы ату жазасына кесілгеннен кейін, сол жылдың 10 сәуірінде оның жұбайы Сақыпжамал Назарова да қамауға алынып, Ақмола өңіріндегі «АЛЖИР» лагерінде сегіз жыл жазасын өтеді. Саяси қуғын-сүргін бір азаматтың ғана ғұмырын қиып қойған жоқ, тұтас бір отбасының шаңырағын ортасына түсірді. Ата-анасынан айырылған қызы мен ұлы балалар үйіне жіберіліп, анасы перзенттерінен көз жазып қалды. Лагерьден босап шыққаннан кейін де Сақыпжамал Назарованың Алматыға оралуына шектеу қойылып, ол туған-туыстарынан жырақта өмір сүруге мәжбүр болды. Кейін ақталған соң балаларын іздеуді жалғастырып, алдымен қызы Алманы тапты, ал 1978 жылы ұлы Жаңартпен қауышты. Бүгін, Сақыпжамал Назарованың өмір жолына қатысты деректер ашық ақпарат көздерінде аз ғана кездеседі. Қазіргі цифрландыру дәуірінде Зарап Темірбековтің отбасы мүшелерінің тағдырын зерттеу ісін жандандырып, олардың өміріне қатысты ресми архив құжаттары мен тарихи мәліметтерді ғылыми айналымға енгізу және көпшілікке қолжетімді ету қажет».

Айнұр Қазтуғанова, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Музыкатану» бөлімінің меңгерушісі, өнертану ғылымдарының кандидаты:

– Саяси қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз «халық жауы» атанған тұлғалар туралы деректі арада бір ғасырға жуық уақыт өткенде іздеу алғашында нәтижесіз әрекеттей көрінуі мүмкін. Өйткені олардың есімдері ұзақ жылдар бойы тарихтан өшіріліп, өмірі мен қызметіне қатысты көптеген құжаттар қолжетімсіз күйде қалды. Дегенмен өткеннің көмескі іздерін замандастары мен кейінгі ізбасарлары қалдырған естеліктерден табуға болады. Әрбір сөзге мән беріп, үзік деректерді өзара сабақтастыра қарастырғанда, бір тұлғаның бейнесі біртіндеп тұтасып, тарихтың ақтаңдақ беттері ашыла түседі. Осы тұрғыдан алғанда, А.Темірбеков, Е.Оспанов, Ш.Құсайынов, Б.Хасенова, М.Дінішев, М.Жүнісов, Ш.Өтепов, А.Кияница және А.Жұбанов сынды замандастары мен туыстарының естеліктері айрықша құнды. Мәселен, Ахмет Жұбановтың естелігінен оның Зарап Темірбековпен алғашқы кездесуі мен таныстығы, қызметтік байланысы, қоғамдық істерге араласуы және актерлік шеберлігі секілді көпшілікке беймәлім қырлары ашылады. Осындай әрбір естелік Зарап Темірбековтің тұлғалық болмысын тереңірек танытып қана қоймай, зұлмат жылдары көмескіленген тарихи шындықты қалпына келтіруге жол ашады».

Зарап Темірбековтің ғұмыры қысқа болғанымен, оның қоғамдық қызметі мен шығармашылық мұрасы ұлт тарихында өшпес із қалдырды. Қайраткердің өмір жолын архивтік деректер мен замандастарының естеліктері негізінде тереңірек зерттеу – бір тұлғаның тағдырын түгендеу ғана емес, саяси қуғын-сүргін жылдарында көмескіленген тарихи шындықты қалпына келтіру. Сонымен қатар оның отбасы мүшелерінің тағдыры мен қызметін зерделеп, әулет тарихындағы ақтаңдақ тұстарды толықтыру – зұлмат жылдардың адам өміріне салған жарасын тереңірек танытатын маңызды міндет. Зарап Темірбековтің есімі мен мұрасын жаңғырту үшін бір ғана іс-шараның өткізілуі жеткіліксіз. Мұндай тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі мемлекеттік деңгейде жүйелі зерттеліп, мұрасы кеңінен насихатталуға тиіс. Олардың есімдерін бүгінгі және келешек ұрпақтың жадында мәңгі сақтау мақсатында көшелер мен білім беру ұйымдарына беру – тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің маңызды қадамдарының бірі.



Алма Темірбекова, Сақыпжамал Темірбекова-Назарова, Жаңарт Темірбеков, Зарап Темірбеков Зура қарындасымен (1937)


Әзірлеген Гүлмира БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

	Иордания →						… Абдуллин	Жүрдай (син.)	Дипломатиялық қызметкер		Ішкіш		Атаман	
	ҚР қаласы	Сүйық дәрі		Көлік түрі	Үй құсы		Өзін араша-лар (син.)							
	Бағалы тас								Хим. элемент		Енбе (син.)		Мексика астанасы	
				Көпшілік →			Чили шөлі →							
	Жан … Ван Дамм						Тіл мен …	Ұзын ішек →						
	Хауа (орысша)	Бангладеш	Айтыс асабасы	Техник →								Мұхтар …		Ресей ұлты
						Зер		Өнер үйі		… Рид →				
Қымыз ыдысы		Сөкен … (ақын)		Ауыздық →						Жаңа жыл сәні →				
				Туркия қаласы	Кили		Қазақы өлшем →				Физ. термин →			
Жарыс бөлігі	Сұмдық (син.) →								Италия астанасы	…. безер	Қырғыз жыры		Серік …-Шах	
Су жыланы	Қарсы →					Рамка	Екі сынмен жүретін көлік →							
			Телеком →				Маз →					Елші (орыс.)		ИС
	Тек							Елші құжаты →						
			Онт.-астана;				Шындық	Ауруханабөлмесі	…. Жұнағулова →					
	…-жаран		Шам түрі		Қамар →				Құрысмыс материалы →				…-сіңілі	
			Марка		Құс ауруы →						Тырнақ бояуы →			
Эстон композиторы		Цирк алаңы		… Капур →					Шер	Футбол буйымы →				Ас "атасы"
					Құс	Үй құсы →				Наным →				
Азағұл		…зала →				Нар →					Теңбіл →			
…-сабир →					…-ТАСС →					Көкс →				

«Qazaq uni» газетінің №42 санында жарияланған сөзжұмбақтың жауабы



КАРИКАТУРА



Суретті салған - Ғалым Смағұл

ӘЗІЛ

***

Қазақстандықтардың арасында «Шеттен келген келімсектерге қалай қарайсыңдар?» деген сауалнама жүргізілген.

Нәтижесінде сұрау салғандардың 40 пайызы «пускай приезжают. Значит им здесь хорошо»;

10 пайызы «мұнда кәттә яқшы»;

15 пайызы «здесьма здраве холопцам»;

10 пайызы «о, кей»;

қалғандары «бізге бәрібір» деп жауап берген.

***

– Әйелдер, негізінен, үндемейтін, біртоға еркектерді жақсы көреді.

– Неге?

– Өйткені олардың тым-тырыс отырғанын «мені тыңдап отыр» деп ұғады…

***

Сән үлгісін көрсететін журналды оқып отырған әйелі күйеуіне:

– Жаным, биыл түймесіз костюммен жүру сәнге айналады екен.

– Жақсы болды, демек, мен саған үйленген 15 жыл бойы сәнді киінген екенмін ғой…

***

Жолда кездейсоқ кездесіп қалған екі бастық:

– Сен қарамағындағы қызметкерлеріңе айлық беріп жүрсің бе?

– Жоқ.

– Мен де беріп жүрген жоқпын. Сонда да олар жұмысқа келіп жүр.

– Менің қызметкерлерімнің де көңілі қалмайды екен. Мүмкін жұмысқа күнделікті кіргендері үшін ақша төлеткізіп отырамыз.

Содан қызметкерлері жұмыс орындарына кіру үшін ақша төлейтін болды.

Араға бір апта салып әлгі екі бастық қайта жолығады.

– Қалай? Қызметкерлерің әлі жұмысқа келіп жүр ме?

– Аха, олар енді үнемдеуге кірісті.

– Сонда қалай?

– Дүйсенбі күні ертеңгісін келгеннен кейін жұма күні бірақ шығады.

***

Жүгіртпе жол: «Бүгінде елімізде казино сынды түрлі ойынханалар жабылғаннан кейін кейбір әкімдер «Жол картасын» ойнап, кәдімгідей ақша ұтып жүр екен».

***

Екі кемпір әңгімелесіп отыр екен.

– Айтпақшы, келін түсіріпсің, құтты болсын! Келінің қалай екен?

– Ой айтпа! Келінім сондай пысық болып шықты. Ертеңгі сағат 5-те тұрады, содан тынбай түнгі 12-де бірақ ұйықтайды.

– Айтқандай, қызың да тұрмысқа шығыпты, құтты болсын! Жағдайы қалай екен?

– Ойбу!!! Айта көрме! Ол қызым сорлап қалды ғой. Ертеңгі сағат 5-те тұрып, түнгі 12-де бір-ақ жатады екен.

***

– Үшінші сұрақтың шешімін берші.

– Уақытында оқымайсың ба?!

– Быкадағы суреттеріңді лайктап берем!

– Кәз күте тұр. Апай қарап тұр, кетсін.

Дайындаған
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА



«Кітап оқитын ұлт» интеллектуалды-зияткерлік сайысының жүлдегерлері мен қазылар алқасы.

ЖАЗУШЫ БАС ЖҮЛДЕГЕР БОЛДЫ

Республика күні қарсаңында Алматы қаласындағы Ұлттық кітапханада Мемлекет басшысының «Кітап оқитын ұлт» жобасын қолдау мақсатындағы «Шалқар» радиосының құрылғанына 60 жыл толуы аясында «Кітап оқитын ұлт» интеллектуалды-зияткерлік сайысы өтті.

Сайысқа «Шалқар» радиосының түрлі саладағы бес тыңдарманы қатысты: жазушы, ақын-аудармашы, кітапханашы, диктор және студент. Атап айтсақ, олар – жазушы, «Парасат» орденінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Құрметті жазушысы Жалғасқали Дүтмағанбетов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ардагер диктор Аманжан Серіков, Ұлттық кітапхана қызметкері Айбала Бекмұханбет, ақын-аудармашы, редактор Дидар Сәрсенбекова және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультетінің студенті Әнуар Ахметкәрім.

Іс-шарада қазақтың руханияты мен мәдениетіне, салты мен дәстүріне және тарихы мен ұлттық танымына қатысты сұрақтар қойылды. Екі жүзге тарта қойылған сұрақтың деніне жауап берген Жалғасқали Дүтмағанбетов сайыстың «Бас жүлдегері» атанды. Қорытынды бойынша «Шалқар» радиосының қызметкерлерінің қазылығымен анықталған басқа да үздік ойыншы-тыңдармандар марапатталды.

Мұнда Қазақстан Рекордтар кітабының өкілі Бақытжан Тастүлеков арнайы қонақ ретінде келді. Ол өз сөзінде «Кітап оқитын ұлт» интеллектуалды-зияткерлік сайысының жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Сөйтіп, шараны ұйымдастырушы – «Шалқар» радиосының Бас редакторы Болатбек Төлепберген мен сайыстың бас жүлдегері Жалғасқали Дүтмағанбетовке Қазақстан Рекордтар кітабын тапсырды.

Биыл «Шалқар» радиосының 60 жылдық мерейтойы жыл басынан бері атап өтілуде. Мерейтойлық шаралар аясында арна өз тыңдарманын кітап оқуға үндеу мақсатында «Кітап оқитын ұлт» сайысын ұйымдастырды.

«Шалқар» радиосы - қазақтың күретамыры, ұлттың үнжариясы. Ғасырлар қойнауынан жеткен төл мұрамызды насихаттауда өлшеусіз еңбек етіп келе жатқан ұлттық радио әлі де тың жаңалықтарымен тыңдарманын қуанта бермек.

Жиынға радио қызметкерлері, ардагерлері мен тыңдармандары, БАҚ өкілдері мен студенттер қатысты.

Сайыстың «Бас жүлдегері» атанған, шараға Атырау қаласынан арнайы келген жазушы Жалғасқали Дүтмағанбетов Алматыдағы жоғары оқу орындары студенттерінің сауалдарына да тұшымды жауап беріп, шағармашылығы туралы әңгімеледі.

Қазақ тарихында ашық айтылмай келе жатқан ақтаңдақтар аз емес. Осыны Ж.Дүтмағанбетовтың «1812 жыл: Соғыс және Бейбітшілік (Қазақы нұсқа)» дейтін трилогиясынан да анық білуге болады. Біз Наполеонның әскерін өкшелеп қуып, Парижге дейін барған орыс әскерінің құрамында шайқасқан қазақтар ерекше ерлік жасағанын француз тарихшыларының айтуы бойынша білдік.

Жалғасқали Мұсағалиұлы аталған кітабында екі жүз жылдық тағдырымызды нақты дерек көздеріне сүйене отырып баяндайды. Архивтік материалдар пайдаланылады. Ең ғажабы, бұл соғысқа автордың бабалары қатысқан. Бір бабасы Франциядан жалғыз қайтпай, Мишель деген сұлуды ала қайтады. Өкініштісі, ол бала босанып жатқанда көз жұмады. Өмірге ұл келеді, ол өседі, ұрпақ ұластырады.

Бүгінде француздың жиеншарлары біршама. Солардың бойындағы қан үзілмей, арада әлденеше ұрпақ өтсе де, беттері ақ сары, көздері көк болып келеді екен. Кітапта фотосуреттер де берілген. Соның бірі Атырау облысы, Доссор елді мекенінде Байбақты атаның қасындағы Мишельдің бейітінің суреті.

Бір әулеттің бұрынғысы мен бүгінгісі үзілмей, жатық тілмен астаса жалғасып жеткізіледі. Әсіре бояудан аулақ үш том автордың өз қаржыландыруы бойынша жарық көрген. Тағы бір ерекшелігі, қазақша нұсқасы танымал кәсіби аудармашылардың арқасында орыс, ағылшын және француз тілдерінде де басылып шықты. Аударма сапасына ерекше мән берген автор Абылайхан атындағы Әлем тілдері университетінің ұстаздар ұжымымен берік байланыста болып, аудамашылармен де шығармашылық тұрғыда жұмыс істеген.

Жалпы, республикалық «Кітап оқитын ұлт» интеллектуалды-зияткерлік сайысында жазушы Жалғасқали Дүтмағанбетовтың «Бас жүлдегер» атануы заңдылық деп білеміз.

Салтанат ӘБДІҒАЛИ

«УТВЕРЖДАЮ»
Президент ТОО «Қазақ үні»
_____Жарылқасын Қ

«Қазақ үні»

ПРАЙС – ЛИСТ

НА РАЗМЕЩЕНИЕ АГИТМАТЕРИАЛОВ НА ЕЖЕНЕДЕЛЬНОЙ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ГАЗЕТЫ «ҚАЗАҚ ҮНІ» НА 2026 г.

Наименование услуги	Ед.изм.	Цена в тенге за кв. см.
Размещение рекламы		
Размещение готовой статьи на 1 полосе	кв.см	1400
Размещение готовой статьи на внутренней полосе	Кв.см	900
Размещение готовой статьи на последней полосе	кв.см	1100
Размещение готовой модульной рекламы на первой полосе	кв.см	1400
Размещение готовой модульной рекламы на внутренней полосе	кв.см	900
Размещение готовой модульной рекламы на последней полосе	Кв.см	1100

РЕКЛАМНО-ИНФОРМАЦИОННЫХ МАТЕРИАЛОВ НА САЙТЕ WWW.QAZAQUNI.KZ

Наименование услуги	Единица измерения	Цена в тенге «Қазақ үні»
Услуги размещения на веб-сайте		
Размещение статичного баннера на сайте (728 × 90 пиксель), основной, вверху	1 день	20 000
Размещение статичного баннера на сайте (240 × 400 пиксель) справа, на всех страницах	1 день	8 000
Размещение готовой рекламно-информационной статьи		50 000

Технические требования

Размеры баннеров указаны в пикселях.
Форматы баннеров: gif, jpg, swf (flash) до 55кб.
Для flash баннеров обязательно наличие заглушки в формате gif или jpg.

РЕКЛАМНО-ИНФОРМАЦИОННЫХ МАТЕРИАЛОВ в социальных сетях

Наименование услуги	Единица измерения	Цена в тенге
Facebook «Қазақ үні» — готовый пост с фото и текстом	1 публикация	70000
Instagram @qazaqunikz — готовый фотопост	1 публикация	50 000
Instagram — готовая карусель до 10 слайдов	1 публикация	60 000
Instagram — готовый Reels	1 публикация	60 000
Instagram — 3 готовые Stories	1 публикация	35 000
YouTube — пост во вкладке «Сообщество»	1 публикация	30 000
YouTube — размещение готового видео	1 публикация	180 000
TikTok @qazaquni.kz — размещение готового ролика	1 публикация	60 000

Мы оставляем за собой право отказывать в размещении рекламных материалов без объяснения причин. На сайте не размещаются рекламные материалы, противоречащие нормам морали и законодательству РК.

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3, К.Сейітов көшесі 11, тел.: 8 (727) 398 5731, qazaquni@mail.ru ТОО «Қазақ үні»

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС

ҚАЗАҚ ҮНІ

Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Оразәлі БАЙМҰРАТ
Бас редактордың орынбасары –
Құлтөлеу МҰҚАШ

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы -
Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

Аймақтағы тілшілер:

Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)

Астанада "Алты Алаш"
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте "Қазақпараттың" материалдары пайдаланылды.

Газет " Қазақ үні" компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ – 11 100

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni.gazeta@gmail.com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор
Құлтөлеу Мұқаш

ТОО "Қазақ үні"
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО "БанкЦентрКредит"
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17

Газет "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 в.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген